



БЕЙБІТСҮЙГІШТІК – СЫРТҚЫ САЯСАТ БАҒДАРЫ



Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Президентіне тоғыз елдің төтенше және өкілетті елшілерінің сенім грамоталарын табыстау рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Молдова Республикасының елшісі Игорь Молдован, Вьетнам Социалистік Республикасының елшісі Тхань Ле Нгуен, Корея Республикасының елшісі Ки Хон Чжон, Оңтүстік Африка Республикасының елшісі Лунгисани Доминик Нтомбелла, Словакия Республикасының елшісі Любомир Регак, Германия Федеративтік Республикасының елшісі Хайке Ренате Пайч, Әзербайжан Республикасының елшісі Алимразмин Аскеров, Словения Республикасының елшісі Бранко Раковец және Намибия Республикасының елшісі Моника Ндилявике тапсырды.

Мемлекет басшысы еліміздің бейбітсүйгіш сыртқы саясат бағдарын ұстанатынын айтты.

— Өздеріңізге мәлім, Қазақстан қазіргей аса күрделі геосаяси жағдайда бейбіт сыртқы саясат жүргізіп келеді. Біз бейбітшілік салтанат құруға тиіс деп санаймыз. Сондықтан Орталық Азияда да, одан тысқары жерлерде де бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтап, ынтымақтастықты өрбіту үшін қолдан келген мүмкіндіктің бәрін жасаймыз, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты рәсімге қатысушыларға Қазақстанның экономикалық әлеуеті және ұлттық экономикаға шетелден инвестиция тарту ісіндегі табыстары жөнінде мәлімет берді.

— Біз елімізге шетел инвестициясын тарту үшін барынша қолайлы жағдай жасап отырмыз. Әлбетте, Қазақстанға келіп жұмыс істегісі келетін шетелдік кәсіпкерлерді және

ірі компанияларды құшақ жая қарсы аламыз. Өздеріңіз білетіндей, біздің нарықта ірі халықаралық компаниялардың басым бөлігі қызмет етеді. Бұл саясаттан айнымайтынымызға сенімдімін. Шетелдік инвестицияға қатысты ашық есік саясатын дәйекті түрде жалғастыруға ниеттіміз, — деді Президент.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалар жөнінде айтты. Оның қисынды жалғасы тарихи Құрылтай сайлауы болмақ. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі түбегейлі өзгерістер халықаралық қоғамдастықпен ынтымақтастықты нығайтатын тың мүмкіндіктерге жол ашатынына сенім білдірді.

Сөз соңында Президент Астананың елшілер өкілдік ететін мемлекеттермен қарым-қатынасты нығайтып, сан қырлы ықпалдастықты дамытуға мүдделі екенін растады. Сондай-ақ мемлекеттер басшыларына жылы лебізін жолдады.

ҰСТАЗ ҮНІ – ҰРПАҚ ҮМІТІ

Астана қаласының Білім басқармасының бастамасымен ұйымдастырылған форумға офлайн форматта 3 мыңға жуық педагог қатысып, 20 мың ұстаздың тікелей эфирден көруіне мүмкіндік туған. Жиынға Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, білім беру ұйымдарының басшылары, ғалымдар, сарапшылар, педагогтар және білім беру саясаты саласындағы халықаралық мамандар қатысты. Пленарлық отырыста қатысушылар елордадағы білім беру жүйесінің негізгі міндеттерін, оқыту сапасын арттыруды, педагогтардың кәсіби әлеуетін дамытуды, жасанды интеллектіні енгізуді, сонымен қатар оқушылардың әрі қарай білім алуы мен кәсіби қызметіне қажетті құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру мәселелерін талқылады.

→ 5



БАЛА КҮТУШІ: БӨЛЕК ҮРДІС БЕЛЕҢ АЛДЫ




Қазақстанда бала күтуші іздейтін ата-аналардың талғамы өзгеріп келеді. Бұрын басты талап баланы уақытында тамақтандырып, қауіпсіздігін қадағалау болса, қазір оған ағылшын тілін білу, баламен тіл табысу, оның дамуына көңіл бөлу, кей жағдайда көлік жүргізу сияқты қосымша талаптар қосылған. Осы сұраныстың аясында қазақстандық отбасылар арасында филиппиндік күтушілерге қызығушылық байқала бастады.

Қазір филиппиндік күтушілерді Қазақстанға әкелумен айналысатын арнайы filppinki.kz сайты да жұмыс істейді. Агенттік мәліметіне қарағанда, маман таңдағанда, үміткердің кә-

сібі тәжірибесімен қатар жеке қасиеттеріне де мән беріледі. Мұндай қызметтің бағасы да арзан емес.

→ 8

ШЫНАЙЫ РИЗАШЫЛЫҒЫН БІЛДІРДІ



Король vi Фелипе Испания құрамасының футболдан әлем біріншілігіндегі жеңісімен құттықтағаны үшін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа шынайы ризашылығын білдірді.

Испания Королі алғыс хатында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел игілігі жолындағы жауапты қызметіне табыс тілеп, Қазақстан халқына жылы лебізін жеткізді.



РУХАНИ ТҰТАСТЫҚ ТІРЕГІ

Ата заңдағы зайырлылық қағидасы Қазақстанның қоғамдық келісім моделін жаңа деңгейге көтереді. Мұнда сенім мен заң бір-біріне қарсы қойылмайды: сенім – адамның жүрегіңдегі құндылық, ал Конституция – барша азаматты біріктіретін ортақ құқықтық темірқазық. Жаңа Конституцияның мәні де осында: ол әр азаматтың сенімін құрметтей отырып, мемлекеттің тұтастығын ортақ заңмен бекітеді. Бұл бүгінгі Қазақстан үшін ғана емес, келешек ұрпақ үшін де аса маңызды бағдар. Өйткені тарихы терең, болашағы биік мемлекет өз азаматтарының жүрегіңдегі әртүрлі сенімді бір-біріне қарсы қоймай, барлығын бір шаңырақ астында тоғыстыра білгенде ғана шын мәнінде мығым елге айналады.

→ 4

ҚЫЗЫЛША ӨТКІЗУДЕ ҚИЫНДЫҚ БОЛМАЙДЫ

Жамбыл облысында егін жинау науқаны қарқын алды. Сондай-ақ төрт түлікті қыстату кезеңіне қажетті мал азығын дайындау жұмыстары атқарылуда. Бірнеше жылдан бері шаруаларды шырылдатып жүрген қант қызылшасын өткеру мәселесі де биыл өз шешімін таппақ.



→ 7

ТЕЛЕДЕБАТТЫҢ АҚТЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТТІ

«Хабар» Агенттігіне қарасты 24KZ телеарнасында Құрылтай сайлауына қатысатын саяси партиялар төрағаларының теледебаты болды. Саяси науқан алдындағы басты пікірталас «Дамыған экономика – қуатты қоғам» тақырыбына арналды. Бұл жолғы дебаттың алдыңғыларына қарағанда маңызы ерекше, себебі пікірталасқа 7 партияның көшбасшылары қатысты. Сондықтан телеарна ұжымы кезекті сөз бәйгесін «Басты дебат – 2026» деп атады.

Дебат алдында арнайы превью-бағдарлама ұйымдастырылды. Оның аясында барлық партияның сайлау алдындағы штабтарынан тікелей қосылымдар жасалып, саяси сарапшылармен сұхбат жүргізілді, сондай-ақ АҚШ, Қытай және БАӘ елдерімен халықаралық телекөпір жүргізілді. Кез келген ашық пікірталастағы ең басты мәселе — тараптарға тең жағдайдың жасалуы. Осы орайда қатысушылардың сөз сөйлеу кезегі жеребе арқылы басты дебатқа бір күн қалғанда тікелей эфирде анықталғанын айта кетейік.

Жеребе нәтижесінде бірінші болып Respublica партиясының төрағасы Айдарбек Қожаназаров сөз алатын болды. Одан кейін «Байтақ» партиясының Азаматхан Әміртаев, «Ақ жол» партиясының төрағасы Дания Еспаева, «Әділет» партиясының Төрағасы Айбек Дәдебай, «Ауыл» партиясының төрағасы Қайрат Айтуғанов, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының төрағасы Асхат Рахымжанов және Қазақстан Халық партиясының төрағасы Нұрсұлтан Шокановқа кезек тиді.

Төрт кезеңнен тұратын дебат форматы қатысушыларға партия бағдарламасын жүйелі түрде таныстыруға, оппоненттеріне сұрақ қоюға мүмкіндік берді. Дебат алдында халықтан партия көшбасшыларына 52 000-ға жуық сауал келіп түскені жария болды. Бұл сұрақтарға партия төрағалары үшінші кезеңде жауап берсе, қорытынды бөлімде партия жетекшілері өздерінің сайлауалды мәлімдемелерін жасады.

Алғашқы болып сөз алған Respublica партиясының төрағасы Айдарбек Қожаназаров сайлауалды науқан барысында өздерінің 20 өңірді аралап, 800-ден астам кәсіпорынға барғандарын, 15 мың шақырым жол жүріп, 1,5 миллионға жуық қазақстандықпен кездескенін баяндады. Оның айтуынша, халықтың басты сұраныстарының бірі — табыстың өсуі мен бағаның тұрақтылығы. Осыған байланысты Respublica отандық өндірісті қолдау, АЭС салу, жол және энергетикалық инфрақұрылымды дамыту, Алатау қаласы секілді жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін ірі жобаларды іске асыруды ұсынды.



Келесі кезек алған «Байтақ» партиясының төрағасы Азаматхан Әміртаев сөзін табиғатты, қоршаған ортаны қорғау мәселесінен бастады. Ол осы тұста Арал теңізінің жағдайын айтып, оны экологиялық апатқа балайтынын сөз етті. Бұған қоса партия төрағасы климаттың өзгеруі, су тапшылығы, экологиялық апаттардың адам денсаулығына әсері секілді мәселелерді күн тәртібіне шығаратынын жария етті.

«Ақ жол» партиясының төрағасы Дания Еспаева болса, партияның бұрынғы Парламент Мәжілісінде атқарған жұмыстарын алға тартты. Бірнеше заң жобасының қабылдануына септескендерін жеткізді. Ал алдағы уақытта шағын және орта бизнесті дамыту, жалақы жайы, еңбек адамдарына қолайлы жағдай жасау тақырыптарын көтеретінін баяндады.

Ал елдегі жетекші саяси ұйым саналатын «Әділет» партиясының Төрағасы Айбек Дәдебай Президенттің стратегиялық бағытына тірек болатындарын айтты. Бұл тұста Төраға биыл қабылданған жаңа Конституция ел дамуының бағдарын түбегейлі айқындағанын жеткізді. Ол теледебаттың бірінші кезеңінде партияның негізгі құндылықтары мен сайлауалды бағдарламасының басты бағыттарын егжей-тегжейлі таныстырып өтті. Бағдарламада халықты толғандыратын барлық мәселе қамтылғанын қоса айтты. Сондай-ақ баспана, тұрақты жұмыс, азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл тұрғындарының табысын арттыру және жасанды интеллектіні менгеру мәселелеріне зер салды. Ол үшін арнайы оқыту бағдарламалары да әзірленетінін жеткізді.

«Ауыл» партиясының төрағасы Қайрат Айтуғанов кіріспе сөзінде партияның негізгі ұстанымдарын атап өтті. Айтуынша, саяси ұйымның күші тұрақтылықта, ал ұстанымның өзегінде адам, еңбек, туған жер және қуатты Қазақстан тұр. Сондай-ақ ол өңірлерді

дамыту, азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл шаруашылығы өнімдерін ел ішінде өңдеу, отандық өндірісті күшейту мәселелеріне тоқталды.

Келесі сөз алған Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының төрағасы Асхат Рахымжанов зейнетақы мен жәрдемақыны көбейту мәселесін алға тартты. Оның сөзінше, сайлауалды бағдарламада жемқорлықпен күресу басым бағыттардың бірі ретінде қамтылған. Сол үшін Құрылтайға өткен жағдайда аталған қатерді тоқтатуға күш салатындарын жария етті.

Бірінші кезеңнің соңғы сөзін алған Қазақстан Халық партиясының төрағасы Нұрсұлтан Шоканов халықтың әл-ауқатын арттыруға күш салатындарын атап өтті. Сондай-ақ мемлекет қолдауының халыққа бағытталуы қажет екенін, еңбек адамын жоғары бағалап, медицина мен білім саласының сапасын жақсарту керектігін сөз етті.

Екінші кезеңде партия төрағалары бір-бірімен сұрақ-жауап алмасса, үшінші кезеңде халықтың көкейінде жүрген маңызды сұрақтарға жауап берді. Осыдан кейін қорытынды төртінші кезең басталды. Соңғы кезеңде әр төрағаға 2 минут ішінде еркін насихаттарын жүргізуге мүмкіндік берілді. Әр спикер өз саяси ұйымы Құрылтайға өткен жағдайда қандай өзгерістер жасайтынын баяндады.

Әуелі Respublica партиясының төрағасы Айдарбек Қожаназаров халыққа мүмкіндік керек екенін айтты. Оның сөзінше, ел кәсіп ашқысы келеді, жас маман еңбек етуге әзір. Сондықтан байлықты еселеп, табысын арттыру — басты мақсат. Ол Құрылтайға нақты жоспармен келетіндерін, Президент айтқандай, елімізде мықты орта тап қалыптастыру қажетін мәлімдеді. Сондай-ақ мемлекеттік мүддесі әрдайым бөрінен жоғары тұратынын жеткізді.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ



Жұмысшының құқығын қорғау, қауіпсіз еңбек жағдайын қалыптастыру және еңбек заңнамасының талаптарын сақтау — Шымкент қаласындағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды бағыты. Шаһарда бұл бағыттағы бақылау жүйелі түрде жүргізіліп, еңбек қатынастарындағы заңбұзушылықтарды анықтау ғана емес, олардың алдын алуға да басымдық берілуде. Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековтің төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте еңбек заңнамасының сақталуы мен жұмысшылардың құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше назар аударылды. Жиында еңбек қауіпсіздігі, қызметкерлердің еңбек құқықтарын сақтау, жалақы бойынша берешекті өтеу және жұмыс берушілердің заң талаптарын орындауы жөніндегі жұмыстардың нәтижеі сараланды.

Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Еңбек қауіпсіздігі — өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алумен ғана шектелмейтін кең ұғым. Ол жұмысшының қауіпсіз еңбек жағдайына, уақытылы әрі толық жалақы алуына, заңда белгіленген еңбек режимі мен демалыс талаптарының сақталуына, әлеуметтік кепілдіктермен қамтылуына және өзінің құқықтарын еркін қорғауына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, еңбек заңнамасының орындалуын бақылау жұмысының өмірі мен денсаулығын қорғаудың маңызды тетігі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Шымкент қалалық департаментінің басшысы Жәніс Мақұлбаевтың айтуынша, 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында еңбек құқықтарының сақталуына қатысты 1 829 өтініш түскен. Бұл көрсеткіш еңбек қатынастары саласындағы мәселелердің өзектілігін аңғартады. Азаматтардың өтініштері бойынша тиісті шаралар қабылданып, 665 жұмысшының бұзылған құқығы қалпына келтірілген. Есепті кезеңде 238 тексеру жүргізіліп, еңбек заңнамасын бұзудың 226 фактісі анықталған.

Бақылау нәтижесінде жұмысшылардың пайдасына 754,3 миллион теңге көлеміндегі жалақы берешегі өндіріліп, 2 824 адамның құқығы қалпына келтірілген. Бұл еңбек инспекциясы жұмысының тек бақылау сипатында емес, нақты нәтижеге бағытталғанын көрсетеді. Өйткені еңбек құқығының бұзылуы көбіне қызметкердің әлеуметтік жағдайына, отбасының тұрмысына және азаматтың өз еңбегіне деген сеніміне тікелей әсер етеді.

Жалақыны уақытылы төлеу де — еңбек қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі. Қызметкер өз еңбегінің ақысын дер кезінде алғанда ғана әлеуметтік тұрақтылық қамтамасыз етіледі. Сондықтан жұмыс берушілердің еңбек шарты талаптарын сақтауына, жалақыны кешіктірмеуіне және қызметкерлер алдындағы міндеттемелерін толық орындауына қойылатын талап күшейе түспек.

ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету — ең алдымен жұмыс берушінің тікелей міндеті. Қызметкердің жұмыс орнында қауіпсіздік талаптарымен таныстырылуы, қажетті қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі, еңбек жағдайының белгіленген нормативтерге сәйкес

болуы және өндірістік қауіптердің алдын алу кез келген кәсіпорын үшін негізгі талап. Бұл талаптар әсіресе құрылыс, өндіріс, көлік, коммуналдық қызмет және басқа да тәуекелі жоғары салаларда аса маңызды. Жұмыс процесіндегі кез келген немқұрайлық адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.

Сондықтан еңбек қауіпсіздігі мәселесіне тек жазатайым оқиға болған кезде ғана назар аудару жеткіліксіз. Қауіптің алдын алу, қызметкерлерді тұрақты оқыту, қауіпсіздік техникасының талаптарын түсіндіру, жұмыс орындарын тексеру және анықталған кемшіліктерді дер кезінде жою — күнделікті бақылауды қажет ететін жүйелі жұмыс. Шымкентте еңбек құқықтарының сақталуына байланысты азаматтардың өтініштері мен тексеру нәтижелері осы мәселеге тұрақты мониторинг жүргізудің қажеттігін көрсетеді. Бұл ретте еңбек инспекциясының міндеті — заңбұзушылықты анықтап қана қоймай, жұмыс берушілерге еңбек заңнамасының талаптарын түсіндіру және оның алдын алу мәдениетін қалыптастыру.

Жазғы демалыс кезінде еңбек нарығына уақытша араласатын жасөспірімдердің құқықтарын қорғау да — маңызды бағыттардың бірі. Осыған байланысты қала аумағында полиция қызметкерлерінің қатысуымен профилактикалық рейдтер жүргізілуде. Іс-шаралар барысында 72 кәсіпкерлік субъектісі қамтылып, көмелетке толмағандардың еңбек құқықтарын бұзудың 8 фактісі анықталған. Жасөспірімдердің еңбекке араласуы олардың алғашқы кәсіби тәжірибе жинақтауына мүмкіндік бергенімен, бұл процесс заң талаптарына толық сәйкес ұйымдастырылуға тиіс. Көмелетке толмағандардың жұмыс уақыты, атқаратын қызметінің сипаты, еңбек жағдайы және қауіпсіздігі заңмен ерекше қорғалады. Сондықтан жасөспірімдерді жұмысқа тартатын кәсіпкерлердің жауапкершілігі де жоғары. Бала еңбегін заңсыз пайдалану немесе оның денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін жұмысқа тарту — жол беруге болмайтын әрекет.

Шымкенттегі еңбек қатынастары саласындағы ахуалға қатысты көрсеткіштер жұмысшы құқығын қорғаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Бір ғана жалақы берешегінің өтелуі немесе заңсыз еңбек жағдайының жойылуы — нақты адамның өміріне оң әсер ететін шешім. Сондықтан еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Бұл жұмыс беруші, қызметкер және қоғам болып атқаратын ортақ жұмыс.

Жұмыс беруші қауіпсіз еңбек жағдайын қалыптастырып, заң талаптарын орындауы қажет. Қызметкер өз құқықтарын мен міндеттерін білуге тиіс. Ал мемлекеттік органдар осы талаптардың орындалуына тиімді бақылау жүргізіп, құқықбұзушылықтың алдын алуы керек.

Аппараттық кеңесті қорытындылаған Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков жауапты басшыларға еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды күшейтуді, жұмысшылардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмысты жалғастыруды тапсырды. Сонымен бірге жол жұмыстарының сапасы мен мер-

«Байтақ» партиясының төрағасы Азаматхан Әміртаев балалардың денсаулығы және оған экологиялық ахуалдың әсері мәселесін алға тартты. Оның сөзінше, таза ауа, таза жер, таза су — басты мәселе. Партия өкілдерінің осыған дейін 600 қоғамдық тыңдауға қатысқандарын, қайта өңдеу зауыттарына инвестиция тартуға көмек бергендерін әнгімеледі.

«Ақ жол» партиясының төрағасы Дания Еспаева мәлімдемесінде өздерінің саясатта 25 жылдық тәжірибесі барын алға тартты. Әр істе нәтиже көрсетіп, бастаған жұмыстарын жалғастыруға ниетті екендерін жеткізді. Сонымен қатар халық үнде емес, нақты жұмыс күтетінін айтып, өздерінің соған лайық екенін атап өтті.

«Әділет» партиясының Төрағасы Айбек Дәдебай шынайы өзгеріс ұранмен емес, еңбекпен іске асатынын баян етті. Сондықтан саяси ұйым еңбекті бағалап, экономиканы өркендетуге, мәдениет пен технологияға ден қоймақ. Партия Төрағасы мәлімдемесінде өз жақтастарына шынайы алғыс айта отырып, әлеуметтік әділетсіздікке, жікшілдікке жол бермейтіндерін жеткізді. Сондай-ақ партия мемлекеттің тұтастығына қатер төндіретін барлық жолды кеспек. Сөзінің соңында Айбек Дәдебай Мемлекет басшысының реформаларын сәтті іске асырып, нақты жұмыс істейтіндерін мәлімдеді.

«Ауыл» партиясының төрағасы Қайрат Айтуғанов болса, Құрылтай сайлауы жай сайлау емес, Қазақстанның келешегін айқындайтын таңдау екенін сөз етті. Сондықтан осы жауапкершілікті әр шаңырақ сезінуі керек. Сонымен қатар ол сайлауалды бағдарламасында нақты жоспарлары барын, жастарды жұмыс, біліммен қамтып, ауыл мен қала халқына бірдей мүмкіндік жасауға дайын екенін айтты.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының төрағасы Асхат Рахымжанов өздерінің нағыз сыннан өтіп, шираған саяси ұйым екенін алға тартты. Сол себепті әр отбасы, ауыл, аудан, қала, жалпы елдің жағдайын жақсартуға күш салмақ екен. Осы жайларды айта келе спикер жалпы қоғамның ахуалы назарларынан тыс қалмайтынын атап өтті.

Соңғы сөз алған Қазақстан Халық партиясының төрағасы Нұрсұлтан Шоканов Құрылтайға өткен жағдайда еңбек адамына басымдық беретіндерін баян етті. Сайлауалды үгіт-насихат кезінде ұзақ уақыт еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне атсалысқан тұлғалармен ашық сөйлескендерін, жағдайды толық ұғып, олардың мәртебесі жоғары болуына кепілдік беретіндерін айтты.

Осылайша, төрт кезеңнен тұрған сайлауалды теледебаттар аяқталды. Әр партия ел дамуы жолындағы ұстанымдарын жария етті. Енді қазақстандықтар 23 тамызда таңдауын жасап, партияларға дауыс беретін болады.

М.ТӨЛЕУ

дiгерлердiң кепiлдiк мiндеттемелерiнiң орындалуын қатан бақылау, рұқсат етiлмеген саудаға тосқауыл қою жөнiндегi шараларды жүйелi түрде жүргiзу мiндеттелдi.

БАСҚА ДА ТҮЙТКІЛ БАР

Аппараттық кеңесте еңбек қауіпсіздігімен қатар қала тұрғындарының күнделікті өміріне тікелей әсер ететін жол қауіпсіздігі мәселесі де қаралды. Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметіне сәйкес, қазіргі уақытта жалпы ұзындығы 747,7 шақырымды құрайтын 360 көше-жол желісі бойынша кепілдік міндеттемелер қолданылуда. Жол құрылысы аяқталғаннан кейін оның сапасы мен белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылау — қала инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Осы мақсатта жолдардың жағдайына тұрақты мониторинг жүргізіліп келеді.

2026 жылы жүргізілген тексерулердің қорытындысы бойынша мердігер ұйымдарға анықталған ақауларды жою жөнінде 26 ресми талап жолданған. Оның 25 нысанында қалпына келтіру жұмыстары аяқталған. Бір нысан бойынша мәселе сот тәртібімен қаралуда. Бұдан бөлек, 2025 жылы жолдарды күтіп-ұстау жұмыстары аясында 140 көшеге тегістеу қабаты төселген. Кейін олардың 11-інде ақаулар анықталған. Қазір 6 көшеде қалпына келтіру жұмыстары аяқталса, 5 көшеде тиісті жұмыстар жалғасуда.

Бұл жерде мердігер ұйымдардың кепілдік міндеттемелерін орындауы тек жол сапасына қатысты мәселе емес. Жолдың сапалы болуы жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігіне, көлік қозғалысының тұрақтылығына және қалалық ортаның жайлылығына тікелей ықпал ететін фактор.

Кеңесте рұқсат етілмеген сауда мен заңсыз орнатылған нысандарды ретке келтіру мәселесі де талқыланды. Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, жыл басынан бері аудан әкімдіктерімен бірлескен жұмыстар нәтижесінде 102 заңсыз орнатылған дүңгіршек анықталған. Олардың иелерімен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, барлық нысан демонтаждалған. Сонымен қатар белгіленбеген орындарда сауда жасаудың 7 634 фактісі анықталған. Оның 6 964 жағдайы бойынша ескерту берілсе, 654 факті бойынша жалпы сомасы 17,8 миллион теңге әкімшілік айыппұл салынған. Рұқсат етілмеген сауданың негізгі ошақтары ретінде «Қырғи базар» және «Авто-Нұр» базарларының маңындағы аумақтар қалып отыр. Бұл жерлерде заңсыз саудадан айналысатын 60 адам анықталған.

Ретсіз сауда қаланың санитарлық жағдайына ғана емес, қоғамдық қауіпсіздікке, жаяу жүргіншілер қозғалысына және кәсіпкерлердің заңды жұмыс істеуіне де әсер етеді. Сондықтан бұл бағыттағы бақылау жұмыстары тұрақты негізде жүргізілімек.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕ ДИАЛОГ ӨТТІ



Астанада «Әділет» партиясының ұйымдастыруымен тұрғын үй қорын басқару мәселелері бойынша алғашқы республика-

лық диалог аланы өтті. Оған еліміздің әр өңірінен тұрғын үй қорын басқаратын шамамен екі мың мүлік иелерінің бірлестігі

және пәтер иелері кооперативінің төрағасы, басқарушы ұйымдардың өкілдері, салалық сарапшылар мен белсенді мүлік иелері қатысты.

Панельдік сессияға «Әділет» партиясының Төрағасы Айбек Дәдебай қатысты. Партия төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тазалық пен ұқыптылық күнделікті өмір салтына айналуы қажет деген сөзін еске салып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін одан әрі дамыту бойынша партияның жеті басымдығын таныстырды.

Диалог аланының қорытындысы бойынша Айбек Дәдебай мұндай кездесулерді тұрақты түрде өткізіп тұруды және партия жанынан тұрғын үй қорын басқару мәселелері бойынша сараптамалық алаң құруды ұсынды.

КАНДИДАТТАР ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиядан Құрылтай депутаттығына кандидаттар — Ержан Дауренбеков пен Еркін Қайырбекұлы Жамбыл облыстық «Руханият» орталығында жастармен кездесу өткізді.

Кездесу барысында кандидаттар ЖСДП-ның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын таныстырып, партияның әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге, халықтың әл-ауқатын арттыруға, азаматтардың құқықтарын қорғауға және барша қазақстандық үшін тең мүмкіндіктер қалыптастыруға бағытталған бастамалары туралы баяндады. Сондай-ақ жастардың қоғамдық-саяси процестерге белсенді қатысуының маңыздылығына назар аударылды.



Кездесу ашық диалог форматында жалғасып, қатысушылар кандидаттарға өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, қоғамдағы өзгерістер мен жастар саясатына қатысты ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Кездесуге қатысқан

жастар да өз пікірін білдіріп, жас буынға тек мемлекеттік бағдарламалардың қатысушысы ретінде емес, қоғамдағы өзгерістерге тікелей ықпал ете алатын белсенді күш ретінде қарау қажеттігін атап өтті.

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫН ДАМУДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ



«Байтақ» жасылдар партиясының өкілдері «Алатау Жарық Компаниясы» ұжымымен кездесті.

Жиында энергетика саласын дамыту, инфрақұрылымды жаңғырту, экологиялық қауіпсіздік сияқты сұрақтар талқыланды.

Энергетика саласының мамандары жаңа технологияларды енгізу, энергия тиімділігін арттыру және сенімді энергетикалық жүйе қалыптастыру мәселелері бойынша пікір алмасты.

Партия өкілдері жасыл экономика өндіріс пен энергетиканың дамуына кедергі емес, керісінше, оларды жаңа деңгейге көтеретін бағыт болуы қажет екенін атап өтті. Сонымен қатар ірі жобаларды жүзеге асыру кезінде олардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықпалын ескеру маңызына тоқталды.

«Байтақ» партиясының ұстанымынша, энергетика да, өндіріс те қарқынды дамуы керек. Алайда экономикалық өсімнің құны қоршаған ортаның ластануы мен халық денсаулығына төнетін қауіп есебінен болмауға тиіс.

ТАРИХИ МҰРАЛАРДЫ САҚТАУДЫ ҰСЫНДЫ



Қазақстан Халық партиясының төрағасы Нұрсұлтан Шоқанов Алматыға жасаған жұмыс сапары аясында шығармашылық және ғылыми зиялы қауым өкілдерімен жүздесті.

Кездесу Дінмұхамед Қонаев атындағы Халықаралық қордың ғимаратында өтті. Басқосуға қоғам және мәдениет қайраткерлері, тарихшылар қатысты. Жиын барысында сөз алған Нұрсұлтан

Шоқанов елдің дамуы мен болашағын қалыптастыруда зиялы қауымның рөлі айрықша екенін айтты. Оның пікірінше, қоғамдағы өзгерістерге тек сырттай баға беруден шектелмей, интеллектуалдық орта мемлекет дамуына белсенді атсалысуы қажет.

Кездесу барысында мәдени мұраны сақтау мен насихаттау мәселелері де көтерілді. Қазақстан Халық партиясы тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстарын жандандыруды, музей қорларын цифрландыруды, тарихи-мәдени нысандарды туристік инфрақұрылымға енгізуді және қазақстандық ескерткіштердің ЮНЕСКО тізіміне енуіне қолдау көрсетуді ұсынып отыр.

ӨНДІРІСТІ ӨРКЕНДЕТУ ЖАЙЫН ҚОЗҒАДЫ

Павлодар облысына сапары барысында «Ауыл» партиясының өкілдері зиялы қауым және ғылыми орта өкілдерімен, сондай-ақ Набережное ауылындағы Andas-Agro шаруашылығының еңбек ұжымымен кездесті.

Кездесулерде екі түрлі тақырып көтерілді. Бірінше білім мен ғылымның дамуы, ұстаздар мен ғалымдарды қолдау мәселелері сөз болса, екіншісінде егін және мал шаруашылығын дамыту, өндірістегі нақты түйткілдер талқыланды.

Бірақ екі кездесудің де өзегінде тұрғындардың жағдайын жасау мәселесі тұр. Өз өңірінде еңбек ететін білімді маман да, жерге маңдай терін төккен еңбек адамы да елдің дамуына үлес қосады.



Сондықтан сапалы жұмыс орындарын сақтау, өндірісті дамыту, мамандарды өңірлерде ұстап қалу — бүгінгі маңызды міндеттерінің бірі. Кездесу соңында

«Ауыл» партиясының өкілдері сайлауалды бағдарламасында кадр, еңбек және өңірлердің дамуына басымдық берілгенін атап өтті.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша ақшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданабаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданабағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді. Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ЗЕР САЛДЫ

«Ақ жол» демократиялық партиясының Астанадағы сайлауалды штабы «Астана-Теплотранзит» АҚ еңбек ұжымымен кездесу өткізді. Іс-шараға кәсіпорынның 140-тан астам қызметкері қатысты.

Спикерлер Мейрамгүл Кабдығалиева, Ержан Шағымолдин, Виктор Микрюков және Бауыржан Джангунаков қатысушыларды «Ақ жол» демократиялық партиясының сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарымен таныстырып, партияның тарихы мен елдің саяси өміріндегі қызметі туралы айтып берді.

Кездесудің жеке бөлігі «Ақ жол» партиясының әлеуметтік саладағы ұсыныстарына арналды. Партия әрбір салымшыға МӘМС жүйесінде жеке шот бекітіп, онда



оның жарналары мен инвестициялық кірісін есепке алуды ұсынады. Бұл ретте медициналық көмекті төлеу туралы шешім тек салымшының келісімімен қабыл-

дануға тиіс. «Ақ жол» демократиялық партиясының пікірінше, мұндай жүйе азаматтарға медициналық ұйым мен дәрігерді өз бетінше тандауға мүмкіндік береді.

АГРАРШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ – БАСЫМ БАҒЫТ

Respublica партиясынан Құрылтай депутаттығына кандидаттар Петропавлдағы ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыратын «СТ Эссембли» зауытының еңбек ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында спикерлер Respublica партиясының Мәжілістегі фракциясының атқарған жұмыстары мен нақты нәтижелері туралы айтып берді. Атап айтқанда, Олжас Құсеповтің алғашқы депутаттық сауалдарының бірі ауыл шаруашылығы техникаларын 6 пайыздық жеңілдікпен лизингке беру мәселесіне арналды.

Екатерина Смолякова мектептердегі ыстық тамақты қаржыландыру мәселесіне тоқталды. Солтүстік Қазақстан облысында бір балаға бөлінетін тамақтану



нормативін 600 теңгеден 900 теңгеге дейін арттыруға қол жеткізілгенін айтты.

Ерлан Сүлейменов халыққа қолжетімді әрі сапалы медицина-

лық көмектің маңызын атап өтті. Оның ішінде қажетті диагностикалық тексерулерден уақытылы өту мүмкіндігі әр азамат үшін қолжетімді болуы керекін айтты.

20 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ



Сайлау құқығы – бұл халықаралық негізгі құжаттар мен демократиялық мемлекеттердің конституцияларында бекітілген жалпыға ортақ адам құқықтарының ажырамас бөлігі. Ол халық билігі қағидатын іске асырудың негізгі тетігі ретінде азаматтардың өз мемлекетін басқаруға ықпал ету құқығына кепілдік береді.

Әлемдік тәжірибеде жастардың сайлауға қатысуына қатысты жас шектері айтарлықтай ерекшеленеді. Алайда кейінгі жылдардағы негізгі үрдіс — дауыс беру жасын біртіндеп төмендету және сайлауға қатысу құқығы мен сайлану құқығы арасындағы алшақтықты қысқарту. Әлем елдерінің шамамен 90%-ы дауыс беру үшін ең төменгі жасты 18 жас деп белгілеген. Алайда пассивті сайлау құқығына, яғни парламентке сайлану құқығына қатысты талаптар әлдеқайда қатан. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ӘЫДҰ) 22 елінде (оның ішінде Германия, Франция және Ұлыбританияда) төменгі палатаға сайлану құқығы белсенді сайлау құқығымен бір мезгілде 18 жастан бастап беріледі. Әлемде депутаттыққа кандидаттар үшін ең көп таралған жас шегі — 21—25 жас. Қазақстанда, АҚШ-та, Үндістанда және Италияда парламентке 25 жастан бастап қана сайлануға болады. Ал парламенттердің жоғарғы палаталарына (сенаттарға) және президенттік лауазымдарға кандидаттар үшін дәстүрлі түрде 30-дан 45 жасқа дейінгі қатан жас шектеулері қолданылады. Бұл талаптар белгілі бір деңгейде жас айырмашылықтарына қатысты талаптарды қамтамасыз етуге бағытталған.

Заңнамалық тұрғыдан дауыс беру құқығына ие болғанына қарамастан, әлемдегі 30 жасқа дейінгі жастар парламент депутаттарының жалпы санының шамамен 2,8%-ын ғана құрайды. Осы мәселені шешу мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымы

(БҰҰ) Not Too Young to Run («Сайлауға түсуге тым жас емессін») атты жаһандық науқанды ілгерілетіп, мемлекеттерді белсенді әрі бастамашыл жастардың саяси үдеріске қатысуына кедергі келтіретін тосқауылдарды төмендетуге шақыруда. Қазіргі зерттеулер жастардың саяси мінез-құлқында дәстүрлі дауыс беру нысандарының жаңа саяси қатысу тетіктеріне біртіндеп орын беріп келе жатқанын көрсетеді. Халықаралық институттар парламенттік сайлаулардағы 18—29 жас аралығындағы сайлаушылардың электоралдық белсенділігіне қатысты бірнеше негізгі жаһандық үрдісті атап көрсетеді. Олардың қатарында партиялық лоялдықтың төмендеуі бар. Атап айтқанда, жас сайлаушылар белгілі бір саяси партиямен өзін сирек сәйкестендіреді байланыстыралы және дауыс беру туралы шешімді көбіне сайлау қарсаңында қабылдайды.

Келесі үрдіс — тақырыптық дауыс беру. Бұл жағдайда жастар партиялардың сайлауалды бағдарламаларын тұтастай қолдаудан гөрі, климаттың өзгеруі, экономикалық тұрақсыздық, әлеуметтік әділеттілік және басқа да өзекті мәселелер төңірегінде топтасады.

Үшінші үрдіс — институционалдық алшақтық. Әлемдегі 20—44 жас аралығындағы азаматтар сайлаушылардың 57%-ын құрағанымен, парламенттердегі орындардың небәрі 26%-ын иеленеді. Мұндай сәйкессіздік жастардың сайлау учаскелеріне барып, электоралдық процесске қатысуға деген ынтасын төмендетеді.

Соңғы маңызды үрдіс — саяси қатысу нысандарының өзгеруі. Дәстүрлі сайлаулардағы жастардың сайлауға қатысу деңгейінің төмендеуі олардың бейресми азаматтық белсенділігінің артуымен қатар жүруде. Оның ішінде онлайн-белсенділік, петицияларға қол қою, еріктілік қызмет және

басқа да азаматтық бастамалар кенінен таралауда.

18—25 жас аралығындағы сайлаушылардың әлем бойынша орташа сайлауға қатысу деңгейі 40—50% аралығында болғанымен, жекелеген мемлекеттер жастар арасындағы электоралдық апатияны еңсеруде айтарлықтай нәтижелер көрсетіп отыр. Жастардың сайлауға қатысуының ең жоғары көрсеткіштері міндетті дауыс беру жүйесі енгізілген, сайлау жасы төмендетілген (16 жастан бастап) және мемлекеттік институттарға деген қоғамдық сенім деңгейі жоғары елдерде байқалады. Жастардың сайлауға қатысу деңгейі бойынша Бельгия, Аустралия, Аустрия, Швеция, Дания, Норвегия және Мальта алдыңғы қатарда.

Бельгия мен Аустралияда міндетті дауыс беру заңнамалық тұрғыдан бекітілген. Дауыс беруге дәлелді себепсіз келмеген

ЖАСТАР КЕЛЕШЕГІ – СЕНІМДЕ

жағдайда айыппұл қарастырылғандықтан, жастар электоралдық процестерге аға буын өкілдерімен қатар белсенді қатысады.

Аустрия Еуропалық Одақ аумағында сайлау жасын алғашқылардың бірі болып 16 жасқа дейін төмендетті. Зерттеулер көрсеткендей, 16—17 жастағы аустриялық жастар 18—20 жастағы азаматтарға қарағанда сайлауға белсендірек қатысады. Мұның бір себебі — олардың өміріндегі алғашқы сайлау науқаны мектептегі білім алу кезеңімен тұспа-тұс келеді. Ал мектептерде азаматтық білім беру мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуы жастардың саяси сауаттылығы мен азаматтық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Солтүстік Еуропа елдері ерікті дауыс беру жүйесі жағдайындағы жастардың сайлауға қатысу көрсеткіші бойынша көш бастап тұр. Бұл жетістікке жастардың бейресми саяси қатысу инфрақұрылымының жаксы дамуы ықпал етеді. Оған мектеп парламенттері, саяси партиялардың жастар қанаттары және жастарға бағытталған басқа да қоғамдық-саяси институттар жатады.

Мальта жас азаматтарды электоралдық процесске тартуда жоғары көрсеткіштер көрсетіп келеді. Бұған цифрлық платформалардың сайлауалды науқандарға тиімді интеграциялануы ықпал етуде. Жалпы алғанда, электрондық дауыс беруі енгізу, сондай-ақ TikTok және Instagram сияқты әлеуметтік желілердегі белсенді ақпараттық-саяси науқандарды жүргізу жастарды сайлау процесіне тартудың тиімді құралдары екенін көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ресми деректеріне сәйкес, 2026 жылғы тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан азаматтарының 12 605 788-і сайлаушылар тізіміне енгізілген. Сайлаушылар саны ең көп өңірлер: Алматы

қаласы — 1 329 221 адам; Түркістан облысы — 1 204 659 адам; Алматы облысы — 1 042 987 адам; Астана қаласы — 1 014 817 адам.

Сайлаушылар саны ең аз өңірлер: Ұлытау облысы — 138 362 адам; Солтүстік Қазақстан облысы — 365 161 адам; Абай облысы — 402 408 адам.

2026 жылғы тамыздағы жағдай бойынша 18—35 жас аралығындағы жастардың үлесі Қазақстандағы жалпы электораттың шамамен 30%-ын құрайды. Абсолюттік көрсеткішпен бұл шамамен 3,78 миллион азаматқа тең. Аталған жас тобы алдағы 2026 жылғы 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауында саны жағынан ең ірі әрі электоралдық тұрғыдан маңызды топтардың бірі болып табылады.

Оңтүстік (Түркістан облысы) және батыс (Батыс Қазақстан облысы) өңірлерінде

дауыс берушілер арасындағы жастардың үлесі дәстүрлі түрде республикалық орташа көрсеткіштен жоғары және бұл фактор сайлаушылардың жалпы қатысу деңгейіне айтарлықтай ықпал етеді. Ағымдағы сайлау циклінде көмелеттік жасқа толып, алғаш рет дауыс беру құқығына ие болған жастардың саны 137 мың адамнан асады.

Сайлауға қатысуға жіберілген 7 саяси партияның барлығы әйелдерге, мүгедектігі бар адамдарға және жастарға арналған 30%-дық квота бойынша заңнама талаптарын орындады. Партиялық тізімдер бойынша 145 мандатқа 35 жасқа толмаған 74 кандидат тіркелді.

Республика бойынша жастарға құқықтық ақпарат беру және олардың электоралдық мәдениетін арттыру мақсатында 248 жас сайлаушылар клубынан тұратын желі жұмыс істейді.

Қазақстанда жүргізілген әлеуметтік зерттеулер жастардың азаматтық сана-сезімі мен электоралдық белсенділігінің тұрақты түрде артып келе жатқанын көрсетеді. Елдің жетекші зерттеу институттары — Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ), Қазақстандық қоғамдық даму институты (КҚДИ), Еуразиялық интеграция институты және «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жас азаматтардың саяси ұстанымдарына тұрақты мониторинг жүргізіп келеді.

Зерттеу нәтижелері жастардың сайлауға қатысуға деген әлеуетті дайындығының жоғары деңгейін, әлеуметтік оптимизмнің артуын, азаматтық борышты сайлауға қатысудың негізгі уәждерінің бірі ретінде қабылдауды және «халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына деген сұранысты көрсетеді.

Мониторингтік сауалнамалар жастардың негізгі электоралдық науқандарға

қатысуға дайындығы өңірге және саяси іс-шараның ауқымына қарай 69,4%-дан 82,2%-ға дейінгі деңгейде екенін көрсетеді. Сауалнамаға қатысқан жастардың шамамен 91,4%-ы Мемлекет басшысына сенім білдіреді, ал 89,3%-ы мемлекеттің даму бағыты дұрыс деп есептейді. Бұл көрсеткіштер жастардың электоралдық белсенділігіне тікелей ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады.

Респонденттердің 71%-дан астамы азаматтық борышын орындауды, ал 69,6%-ы жүргізіліп жатқан саяси реформалардың маңыздылығын сайлау учаскелеріне барудың негізгі себептері ретінде атаған.

Жас азаматтардың 79%-ға дейінгі мемлекеттік институттардың халықтың сұраныстарына жауап беру деңгейі жақсарған деп санайды. Бұл өз кезегінде олардың өз дауысының маңыздылығына деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Әрбір жаңа сайлау науқанымен қазақстандық жастар дауыс беруге барған сайын белсендірек қатысып келеді. Еуразиялық интеграция институтының деректеріне сәйкес, респонденттердің мәліметі бойынша, 2023 жылғы парламенттік сайлауға жастардың 53,4%-ы, 2024 жылғы республикалық референдумға 63,4%-ы, ал 2026 жылғы республикалық референдумға 75,3%-ы қатысқан.

Респонденттер сайлауға қатысудың негізгі себептері ретінде азаматтық борышын өтеуді — 71%, сондай-ақ жүргізіліп жатқан саяси реформалардың маңыздылығын 69,6% атаған. Сонымен қатар дауыс беруді ажырамас демократиялық құқық ретінде қабылдау — 31,4%, ал сайлауға қатысуға мүмкіндік беретін жасқа толу 18% көрсеткішті құраған. Көрсеткіштердің жиынтық мәні 100%-дан жоғары, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік алған.

«Демократия институты» ғылыми-зерттеу қауымдастығы жүргізген әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне деген сенім деңгейі тұрақты түрде жоғары болып, 85,7%-ды құрайды.

Президентке деген ең жоғары сенім 18—29 жас аралығындағы жастар арасында тіркелген. Осы жас тобындағы респонденттердің 90,1%-ы Президентке сенім білдіретінін («иә» және «корее иә» жауаптарының жиынтығы) көрсеткен. Бұл — сауалнамаға қатысушылардың барлық жас санаттары арасындағы ең жоғары көрсеткіш.

Дәл осы факторлар 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауына жас азаматтардың қатысуының негізгі уәждеріне айналуы мүмкін.

Зарема ШАУКЕНОВА,
академик, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

РУХАНИ ТҰТАСТЫҚ ТІРЕГІ

Зайырлы мемлекет ұғымын кейде діннен алшақтау, тіпті дінге салқын қаб-бақ таныту деп қабылдайтын түсінік кездеседі. Алайда зайырлылықтың табиғаты мүлде бөлек. Оның өзегі – адамның ар-ожданын таптамау, мемлекет тарапынан қоғамға ортақ наным-сенімді таңбау. Бұл – еркіндік пен жауапкершіліктің, әділет пен адамгершіліктің, құқық пен құрметтің арасын жалғайтын өркениетті қағида. Қазақстанның жаңа Ата заңында осы ұстаным бұрынғыдан да айқын әрі салмақты сипат алды.

А Айхан ШӘРІП

2026 жылғы 15 наурызда халықтық референдумда қабылданып, 1 шілдеден бастап күшіне енген жаңа Конституция жанарған кіріспеден, 11 бөлімнен және 96 баптан тұрады. Оның преамбуласында елдің бірлігі мен ынтымағымен қатар, этносаралық және конфессияаралық татулықтың конституциялық құндылық ретінде бекітілуі — мемлекеттің рухани ұстындарға сүйенетінінің жарқын көрінісі. Өйткені Қазақстан секілді әр алуан мәдениет пен түрлі діни дәстүр тоғысқан ел үшін қоғамдық тұрақтылық — мемлекеттіліктің мызғымас іргетасы. Әртүрлі сенім иелерін бір-бірінен алыстатпай, арасына от тастамай, бәрін ортақ заң мен ортақ Отан аясында ұйыстыру мемлекеттік саясаттың кемелдігін танытады.

Саясаттанушылардың түсіндіруінше, зайырлылық дегеніміз қоғамды дінсіздендіру, діннен ажырату емес. Бұл — әр адамның наным-сеніміне еркіндік беріп, сол азаттықты өзгенің құқығы мен елдің ортақ заңына құрметпен тығыз сабақтас-тыру. Мемлекет үшін маңыздысы — адам-ның қандай дінді ұстанатыны емес, оның Конституция мен заң талаптарын сақтап, өзгенің ар-ожданы мен таңдауына құрметпен қарауы.

Осы тұрғыдан алғанда, Ата заңдағы зайырлылық қағидасы Қазақстанның қоғамдық келісім моделін жаңа деңгейге көтереді. Мұнда сенім мен заң бір-біріне қарсы қойылмайды: сенім — адамның жүрегіңдегі құндылық, ал Конституция — барша азаматты біріктіретін ортақ құқықтық темірқазық.

Жаңа Конституцияның мәні де осында: ол әр азаматтың сенімін құрметтей отырып, мемлекеттің тұтастығын ортақ заңмен бекітеді. Бұл бүгінгі Қазақстан

үшін ғана емес, келешек ұрпақ үшін де аса маңызды бағдар. Өйткені тарихы терең, болашағы биік мемлекет өз азаматтарының жүрегіндегі әртүрлі сенімді бір-біріне қарсы қоймай, барлығын бір шаңырақ астында тоғыстыра білгенде ғана шын мәнінде мығым елге айналады.

КЕЛІСІМНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕПІЛІ

Діни саланы реттейтін заңнамада бұрыннан қолданылып келген бірқатар қағидат енді конституциялық тұрғыда бекем орнығып, жаңа мазмұнмен айқындала түсті. Атап айтқанда, мемлекеттің зайырлы сипаты, заң алдында баршаның теңдігі және діннің мемлекеттен бөліну қағидаты орнықты. Конфессияаралық келісім қоғамның маңызды құндылықтарының бірі ретінде көрініс тапты. Сонымен бірге білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты да конституциялық мәртебеге ие болды. Бұл ретте діни білім беретін ұйымдар бұл қағидаттан тыс қарастырылады.

Осы нормалардың Қазақстан үшін мәні айрықша. Себебі ел тұрақтылығының түп-тамыры әртүрлі сенім мен көзқарастағы адамдардың бейбіт қатар өмір сүруінде, бір-біріне деген өзара құрметі мен сенімінде болса керек. Мәдениет және ақпарат министрлігі жуырда республика бойынша тіркелген діни бірлестіктердің, олардың филиалдарының нақтыланған саны туралы есебін жариялады.

Ведомствоның ресми мәліметіне жүгінісек, 2026 жылғы II тоқсан қорытындысында Қазақстанда Ислам дініндегі діни бірлестіктердің саны — 2 935-ті құраған. Православ дініне — 348, Елуншілер шіркеуіне — 218, Евангелиялық христиан-баптистер шіркеуінің одағына — 192, Пресвитериандық шіркеуге — 95, Католиктерге — 93, Ехоба куәгерлеріне —



52, Жетінші күн адвентистеріне — 41, Жаңа апостолдық шіркеуге — 23, Евангелия-лютерандық шіркеуге — 22, Кришна санасы қоғамына — 13, Методистік шіркеуіне — 11, Иудейлерге — 7, Бахай қауымына — 6, Меннониттерге — 4, Буддистерге — 2. Соңғы күн әулие Иисус Христос шіркеуіне (мормондар) — 2, Бірігу шіркеуіне (муниттер) 1 бірлестік тиесілі. Қорыта айтқанда, Қазақстанда қазіргі кезде жалпы саны 18 діни бірлестік тіркелген және жұмысын заң аясында жүзеге асырып келеді. Олардың және филиалдарының жалпы саны 4 065-ке жетті. Бұған дейінгі ресми деректе 2025 жылғы I тоқсанда 18 конфессияны қамти-тын 4 007 діни бірлестік тіркелгені айтылып еді. Яғни содан бері қатары біршама өсті.

СЕНІМ МЕН ЗАҢНЫҢ ТАРАЗЫСЫ

Жаңа Конституцияның I-бабы Қазақстанды «демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» деп айқындайды. Бұл — бұрыннан белгілі конституциялық құрылымның сақталуы ғана емес, мазмұны кейінгі нормалармен тереңдетілген іргелі қағида. 3-бапта Қазақстан құрметінің негізгі қағидаттарының қатарына адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлікті нығайту және қоғамдық диалогты дамыту енгізілген.

Ең маңызды жаналық — 7-баптың Етікелей «Дін мемлекеттен бөлек» деп басталуы. Бұған дейін зайырлылық Конституцияның I-бабындағы анықтама арқылы ғана бекітілсе, енді дін мен мемлекеттің арақатынасы жеке консти-туциялық нормаға айналды.

7-баптың екінші тармағында: «Қазақ-стан аумағында діни ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және ол конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында шектелуі мүмкін», — деп қадап айтылған. Бұл — сенімге шектеу қою емес, құқық пен сенімнің шекарасын заңмен айқындау болса керек. Себебі еркіндік — шексіздік емес, өзгенің еркіндігі басталған жерде өз өлшемін табатын жауапкершілік.

Жаңа Конституция зайырлылықты күшейте отырып, ар-ождан бостандығын әлсіретпейді. Керісінше, 25-бапта әр адамның ар-ождан бостан-дығына құқығы нақты бекітіледі. Оны жүзеге асыру жалпыадамзаттық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдын-дағы міндеттерді шектемеуге тиіс екені көрсетілген. Бұл жерде маңызды бір құқықтық тепе-теңдік бар: Қазақстан өз аумағында тұратын кез келген тұрғына: «мына дінді ғана ұстан!» немесе «атеист бол, дінге сенбе!» — деп ол үшін таңдау жасай алмайды. Сонымен бір мезгілде ешбір діни ұстаным заңнан жоғары тұра алмайды. Бір топ азамат жиналып: «бұдан былай Қазақстанда тұратындар тек мына дінге ғана сенсін!» — деп мемлекет пен қоғамға талап қоя алмайды. Әр азаматтың сенімі — оның ішкі әлемі, тек қоғамдық тәртіп — баршаға ортақ тұғыр.

Осы қисын-логиканы Ата заңның 6-бабы толықтырады: онда идеологиялық және саяси әралуандылық мойындалады, қоғамдық бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі бекітіледі. Ең бастысы, діни

алауыздықты қоздыруға бағытталған ұйымдардың қызметіне жол берілмейді. Бұған қоса, Конституцияда мемлекет пен қоғамдық бірлестіктердің бір-бірінің қызметіне заңсыз араласуына жол берілмейтіні нықталған.

Зайырлылықтың ең сезімтал сала-сының бірі — білім мен тәрбие. Жаңа Конституцияның 33-бабының 5-тармағында: «Рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарында білім мен тәрбие беру жүйесі зайырлы сипатқа ие», — деп нақты жазылған. Осы арқылы елімізде балабақ-шадан бастап, жоғарғы оқу орындарына дейінгі білім беру және тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты конституциялық деңгейде бекітілді. Бірақ бұл ереже рухани, яғни діни білім беру ұйымдарына қолда-нылмайды. Олар бөлек реттеледі.

Сонымен қатар 4-тармағына сәйкес, «мемлекет жалпыға міндетті білім беру стандарттарын белгілейді. Барлық оқу орнының қызметі осы стандарттарға сәйкес келуге тиіс». Мұның астарында өте қарапайым қағида жатыр: баланың сапалы білім алуға құқығы оның отбасы-ның діни сеніміне байланысты мың сан құбылмауға тиіс. Мектеп — әртүрлі көз-қарас тоғысатын, бірақ білімнің деңгейі ортақ болатын кеңістік. Ол зайырлылық пен діншілдіктің тартыс алаңына айнал-майды: ғылым шамы сенімнің шырағданын өшірмейді, қоғамдық үйлесімде қатар өрбиді.

Қазақстанда 2025 жылғы ар-ождан және діни наным-сенім бостандығының сақталуын бағалаудың ұлттық инди-каторлары бекітілді. Ол мемлекет пен конфессия арасындағы және конфес-сияаралық қатынастарды, сондай-ақ ин-тернеттегі діни белсенділік көрсет-кіштерін қамтыды. Индикаторларды әзірлеуде БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссар басқармасының ұсын-ымдары және құқық қорғау ұйымдарының пікірі ескерілген.

Қорыта айтқанда, зайырлылық — ортақ үйдің тәртібі. «Жамаң үйді қонағы билейді» дейді қазақ. Ата-баба құнды-лықтарымен, өз өмір салтымен, әдет-ғұрпымен, ұлттың тыйым-түсініктерімен ғасырдан ғасырға аман жетіп келе жатқан қазақ еліне әр дін келіп, өз жарығын тана алмауға тиіс. Ата заң осы қағидаттың қорғанында тұрады.

Жаңа Конституцияның 1, 6, 7, 25, 33 және 41-баптары бір-бірімен сабақтасып, қабыса келе, Қазақстан атты зайырлы мемлекеттің тұтас құқықтық моделін құрады. Мемлекетіміз зайырлы. Дін мемлекеттен бөлек дамиды. Әр адам ар-ождан бостандығына ие. Еш азамат сеніміне қарай кемсітілмеуге тиіс.

ҚОҒАМ



Цифрлық құрылғыларды шамадан тыс қолдана-тын, физикалық қозғалысы аз, әсіресе күнінің тең жартысы офисте өтетін жандар үшін түрлі аурумен достасуға тура келетіні жасырын емес. Бүгінде әрбір екінші адамды саусақтың ұюы, қолдың сыздап ауруы мазалайды, алайда бұл белгілерді көбі елемейді. Бұл жай ғана шаршаудың белгісі емес, білектегі жүйке тамырының қысылуынан туындайтын карпальды туннель синдромының басты симптомы болуы да ғажап емес. Карпальды туннель синдро-мын қалай емдейді, аурудың алдын алуға бола ма? Осы жөнінде Президент Іс басқармасының Медицина орталығы ауруханасының жоғары санатты нейрохирург дәрігері, медици-на ғылымдарының кандидаты Мұратбек Қыдырбекұлымен сұхбаттасқан едік.

Мұратбек Қыдырбекұлы, нейрохирург:

ҚОЛДЫҢ ҰЮЫ ҚАРАПАЙЫМ ШАРШАУ ЕМЕС

— Кейінгі жылдары карпальды туннель синдромы мазалап келетін науқастардың саны қаншалықты арт-қан? Аурудың негізгі себебі неде? Оқырманға дерт жайлы қарапайым тілмен түсіндіріп берсеңіз.

— Иә, кейінгі кезде карпальды туннель синдромы мазалап шағымданатындар саны көбейген. Бұған, бір жағынан, компьютер мен цифрлық құрылғыларды пайдалану, өмір салтының өзгеруіне байланысты болса, екінші жағынан, халықтың медициналық көмекке уақытылы жүгініп, аурудың ерте анықталуы себеп. Карпальды туннель синдромы — қолдағы жүйкенің қысылуынан дамиды ең жиі кездесетін туннельдік синдромдардың бірі. Қарапайым етіп түсіндірсек, білекте тар «туннель» болады, ол туннель арқылы ала-қан мен саусақтардың сезімталдығы мен кейбір қимылдарына жауап беретін ортаңғы жүйке өтеді. Егер осы кеңістік тарылса немесе айналасындағы тіндер ісінсе, жүйке қысылады. Соның нәтижесінде қол ұйып, шаншып, ауырсыну пайда болады. Клиникалық тәжірибемізде науқастар көбіне түнде қолының ұйып оянаатынын, қолын сілкіткеннен кейін жеңілдейтінін, заттарды ұстау қиындайтынын немесе ұзақ жұмыс істегеннен кейін шағымдардың күшейетінін айтады.

— Карпальды тунель синдромының пайда болуына смартфон пен компьютерді ұзақ пайдалану қаншалықты әсер етеді? Қандай адамдар қауіп тобына жатады?

— Компьютер немесе смартфонды қолданудың өзі карпальды туннель синдромының тікелей және жалғыз себебі деп айту дұрыс емес, алайда ұзақ уақыт үзіліссіз

жұмыс істеу, білекті ыңғайсыз қалыпта ұстау, қайталанатын қимылдар және жұмыс орнының дұрыс ұйымдасты-рылмауы қолдағы ауырсыну мен басқа да тірек-қимыл жүйесі шағымдарын күшейтуі мүмкін. Синдромның негізгі қауіп факторларына қайталанатын қол қимылдары, білекті күш түсіретін жұмыс, дірілдейтін құралдармен жұмыс істейтіндер, қант диабеті, жүктілік, қалқанша безінің кейбір аурулары және ревматологиялық аурулар жатады. Мұндай жағдайларда дәрігердің клиникалық тексеруі, ал қажет болғанда электронейромиография, ультралабыстық зерттеу жүргізіледі.

— Ауру жастар арасында да жиілеп бара жатыр деп ойлайсыз ба? Синдром неілектен әйелдерде көп кездеседі?

— Жастар арасында қолдың ұюы, білек пен қол басының ауырсынуына байланысты шағымдар кезде-седі, бірақ мұндай белгінің бәрі карпальды туннель синдромын білдірмейді. Бұлшықет пен сінірге шамадан тыс жүктеме түсіп, мойын омыртқасынан шығатын жүйкелердің зақымдануы және басқа да жағдайлар ұқсас белгілер беруі мүмкін. Сондықтан диагнозды тек шағымға қарап қоюға болмайды. Карпальды туннель синдромының әйелдерде жиірек кездесетіні белгілі. Бұған анатомиялық ерекшеліктермен қатар жүктілік және сұйықтықтың іркілуіне байланысты жағдайлар да ықпал етуі мүмкін.

— Үй жағдайында ауруды алдын алудың жолы қандай? Кеңес қызметкері үш әдетті өзгертер болса, қай үшеуін ұсынар едіңіз?

— Біріншіден, ұзақ уақыт үзіліссіз жұмыс істеуге болмайды, сол себепті жұмыс барысында жүйелі түрде қысқа үзіліс жасап, қол мен білекті босатып отырған жөн. Екіншіден, жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру керек, пернәктаң мен тіртүірдің орналасуы білекті шамадан тыс бүгуге немесе шалқайтуға мәжбүрлемеуі керек. Үшіншіден, смартфон мен басқа құрылғыларды ұзақ уақыт бір қалыпта ұстамау керек, қолды алмасты-рып, қажетсіз ұзақ жүктемені азайтқан дұрыс. Сонымен қатар дене салмағын қалыпты деңгейде ұстау, қант диабеті сияқты созылмалы ауруларды бақылау және жалпы дене белсенділігін сақтау аса маңызды.

— Халық арасында бұл ауруға қатысты қандай қате түсініктер бар? Аурудан «15 минутта арылуға болады» деген қаншалықты рас? Науқас қандай белгілерге мән бергені жөн? Емделмеген жағдайда қандай асқынулар пайда болуы мүмкін?

— Жиі кездесетін қате түсініктің бірі — қолдың ұюын жай ғана шаршау деп қабылдау немесе бір-реттік массаждан кейін мәселе толық шешіледі деп ойлау. «Карпальды туннель синдромынан 15 минутта толық арылуға болады» деген тұжырым дұрыс емес. Кейбір процедура немесе жаттығу симптомды уақытша жеңілдетуі мүмкін, бірақ жүйкенің қысылуы сақталса, мәселе қайта пайда болуы ықтимал. Науқас әсіресе бас бармақ, сұқ және ортаңғы саусақтардың ұюына немесе шаншуына, түнде симптомдардың күшеюіне, қолдың әлсіздігіне, заттарды жиі түсіріп алуға және сезімталдықтың төмендеуіне бейжай қарамай, денсау-лығына көңіл бөлгені жөн. Синдром ұзақ уақыт емделмеген ауыр жағдайда ортаңғы жүйкенің тұрақты зақымдануы, сезімталдықтың төмендеуі, қол бұлшық-еттерінің әлсіздігі және бас бармақ түбіндегі бұлшықеттердің семсуі дамуы мүмкін.

— Ауруды операциясыз емдеуге бола ма? Қандай жағдайда хирургиялық ем ұсынылады? Операциядан кейін қандай күтім қажет?

— Иә, көптеген жағдайда, әсіресе аурудың жеңіл және орташа сатыларында, операциясыз ем қарасты-рылады. Ем науқастың симптомдарына және жүйкенің зақымдану дәрежесіне қарай таңдалады. Түнгі уақытта білекті бейтарап қалыпта ұстайтын ортез қолданылуы мүмкін. Кейбір науқастарға дәрігер кортикостероидтық инъекция, нерв жүйесін қалпына келтіру үшін дәру-мендер (негізінен, В тобы) ұсынуы мүмкін. Сонымен қатар қолдағы жүктемені өзгерту және жұмыс эргоно-

микасын түзету маңызды. Ал хирургиялық ем симп-томдар айқын және тұрақты болғанда, консервативті ем жеткілікті нәтиже бермегенде немесе жүйкенің айқын зақымдануы, бұлшықет әлсіздігі мен атрофия белгілері анықталғанда қарастырылады.

Операцияның мақсаты — карпальды туннель ішіндегі қысымды азайтып, ортаңғы жүйкені босату. Операция көп уақытты қажет етпейді және көбіне жергілікті анестезиямен жасалады. Бұл стационарда жату мерзімін қысқартып, науқастың күнделікті өміріне ертерек оралуына мүмкіндік береді. Дегенмен операция жүйкені қысылудан босатқанымен, оның қызметі бірден толық қалпына келе бермейді. Сондықтан операциядан кейінгі кезеңде ортаңғы жүйкенің қызме-тін қалпына келтіруге бағытталған оңалту шаралары маңызды. Оған дәрігердің нұсқауы бойынша қол мен саусаққа арналған жаттығулар, қозғалыс белсенділігін біртіндеп арттыру, қажет болған жағдайда физиотерапия және реабилитологтың бақылауы кіреді. Жүйкенің қалпына келуі уақытты оның операцияға дейін қанша-лықты және қанша уақыт зақымданғанына байланысты.

— Кеңесіңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Айсұлу СЪЕЗХАН

ҰСТАЗ ҮНІ – ҰРПАҚ ҮМІТІ

Жаңа оқу жылы басталмас бұрын білім саласының мамандары мен ұстаздар қауы-мы дәстүрге сәйкес тамыз педагогтер конференциясында бас қосты. Биылғы жиын «Құндылықтар. AI. Адами капитал» атты тақырыпта өтті, яғни конференцияда білім беру жүйесінің стратегиялық тұрғыдан дамыту, конституциялық құндылықтар, жасанды интеллект жүйесі мен адами капитал бағыты аса маңызға ие болды.



Астана қаласының Білім басқармасының бастама-сымен ұйымдастырылған форумға офлайн форматта 3 мыңға жуық педагог қатысып, 20 мың ұстаздың тікелей эфирден көруіне мүмкіндік туған. Жиынға Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Астана қаласының әкімі Жәніс Қасымбек, білім беру ұйым-дарының басшылары, ғалымдар, барышылар, педагогтар және білім беру саясаты саласындағы халықаралық мамандар қатысты. Пленарлық отырыста қатысушылар елордадағы білім беру жүйесінің негізгі міндеттерін, оқыту сапасын арттыруды, педагогтардың кәсіби әлеуетін дамытуды, жасанды интеллектті енгізуді, сонымен қатар оқушылардың әрі қарай білім алуы мен кәсіби қызметіне қажетті құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру мәселелерін талқылады.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРЫП КЕЛЕДІ

Қалалық тамыз конференциясында қозғалған басты тақырыптың бірі — білім беру инфрақұрылымын одан әрі дамыту, жаңғырту. Білім басқармасының мәліметінше, қалада оқушылар саны әр жыл сайын 20 мыңға артып артып келеді. Бұл қарқынды есептесек, 2029-2030 оқу жылына қарай қала мектептерінде шамамен 400 мың бала білім алады. Осыған орай қаланың Бас жоспарында 140 жаңа мектеп салуға арналған жер учаскесі қарасты-рылып қойған. Қала әкімінің есебінше, кейінгі 3 жылда 110 мың оқушыға арналған 44 мектеп салынды. 24 мектептің құрылысы Мемлекет басшысының «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында іске асқан. Осы уақыт ішінде алты оқушылар сарайы, үш мемлекеттік балабақша және басқа да нысандар да бой көтерді. Биылғы оқу жылында тағы 11,5 мың оқушыға арналған 10 мектеп пайдалануға беріледі. Оның сегізі 1 қыркүйекке дейін ашылды. 2027 жылға 34 мың оқушыға арналған тағы 19 мектеп салу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар қыркүйек айынан бастап Science Lab жобасы іске қосылады. Жоба жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқытудың практикалық бағытын күшейтуге арналған. Оның аясында оқушылар теорияны менгеріп қоймай, тәжірибе жүргізіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады, деректермен жұмыс істейді, нәтижелерді талдап, өз тұжырымын дәлелдеуді үйренеді.

— Астана мектептері — бұл баланың күніне алты сағат уақыт өткізетін жай ғана ғимараттар емес. Бұл — қаланың білім беру экожүйесіне бастайтын жол, — дейді Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев.

БІЛІМ САПАСЫ 66 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ

Елорда әкімі Жәніс Қасымбектің айтуынша, инфрақұрылымды дамыту білім сапасын арттырумен қатар жүруі керек. Жиында білім сапасын арттыру, педагогтардың кәсіби біліктілігін жетілдіру және жасанды интеллектті оқу үдерісіне енгізу мәселелері қаралды. Кейінгі үш жылда елордадағы білім сапасының көрсеткіші 59-дан 66 пайызға өскен. Мұның өзі білім сапасына басымдық беріліп жатқанының дәлелі іспеттес. Бүгінде Астана оқушылары зияткерлік жарыстарда да үздік нәтиже көрсетіп келеді. Кейінгі үш жылда елорда-лық оқушылар халықаралық және республикалық олимпиадаларда 331 медаль жеңіп алды. Оның 83-і — алтын, 100-і — күміс, 148-і — қола медаль.

Тамыз кеңесінде педагогтарды даярлау мәселесіне де ерекше назар аударылды. Қазір Астана қаласындағы жоғары оқу орындарында шамамен 5 мың студент педагогикалық мамандықтар бойынша білім алып жатыр. Ал биыл оқуын аяқтаған 500 жас маман елорда мектептерінде еңбек жолын бастады. Қала әкімінің айтуынша, кейінгі бес жылда Астана әкімдігі болашақ педагогтерді даярлауға арналған шамамен 4 мың білім беру грантын бөлген.

Тағы бір маңызды бағыт — жауапты азамат тәрбиелеу. Елордада «Қала менен басталады» атты қалалық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Оның мақсаты — оқушыларға білім беріп қана қоймай, жауапкершілік пен қоғам өміріне араласудың нақты тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік беру.

AI TEACHER ASTANA ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Сонымен қоса, форумның негізгі бағыттарының бірі білім беру үдерісіне жасанды интеллектті енгізу болды. Жаңа оқу жылынан бастап Астанада AI Teacher Astana жобасын іске қосу жоспарланып отыр, тамыз кеңесінде аталмыш жоба педагогтарға егжей-тегжейлі таныстырылды. Жоба педагогтердің жасанды интеллект құралдарын тиімді әрі жауапкершілікпен пайдалану бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Жоба ұстаздардың ЖИ жүйесін қосымша құрал ретінде емес, құндылық сабақ берудегі нақты жұмыс құралына айналуына мүмкіндік береді.

Жаңа жобаның ұстаздарға берер мүмкіндігі жайында №9 «Зерде» мамандандырылған лицейінің физика пәнінің мұғалімі Айбол Қулан мырзаның пікірін білген едік. Ұстаздың айтуынша, жалпы, педагогтардың жасанды интеллект құралдарын қолдана білуі аса маңызды артықшылық бола алады.

— Бұрын цифрлық технология мұғалімнің жұмысын жеңілдететін құрал ретінде қарастырылса, қазір ЖИ

мұғалімнің кәсіби қызметін, оқушының оқу тәсілін және бағалау үдерісін өзгерте алатын фактор ретінде қарастырыла бастады. Қазір қолға алынып жатқан шаралар, біріншіден, мұғалімнің цифрлық мүмкіндіктерін кеңейтеді. ЖИ-ді сабақ жоспарын әзірлеу, тапсырмаларды саралау, мәтіндерді бейімдеу, кері байланыс дайындау, оқушының оқу нәтижесін талдау сияқты жұмыстарда да тиімді пайдалануға болады. Екіншіден, оқытуды жекелеңдіру мүмкіндігі артады. Бір сыныптағы оқушы-лардың дайындық деңгейі әртүрлі. ЖИ құралдары арқылы бір тақырыпқа деңгейі әртүрлі тапсырма дайындау, қосымша түсіндіру немесе оқушының кателерін талдау жеңілдейді, — дейді физика мұғалімі.

Оның айтуынша, ЖИ арқылы бірнеше олқылықтың да орнын толтыруға болады. Ең маңыздысы, технологияны енгізумен қатар педагогикалық мәселені шешуге мүм-кіндік береді. Мысалы, оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру, сыни және шығармашылық ойлауды дамыту, зерттеу дағдыларын күшейту, оқушының жеке оқу траекториясын қалыптастыру, мұғалімнің қағазбастылығын азайту, бағалауды оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналдыру сынды мәселелерді реттеуге болады.

Форум аясында «БІЛІМ. AI. БОЛАШАҚ: Иннова-циялар және серіктестік» атты білім беру көрмесі де ұйымдастырылды. Онда халықаралық және отандық IT-компаниялар, білім беру ұйымдары мен стартаптар білім беру саласына арналған цифрлық шешімдер мен заманауи технологияларын таныстырды.

Форум жұмысы одан әрі білім беру менеджменті, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, ин-клизивті және қосымша білім беру, педагогтардың кәсіби дамуы, тәрбие жұмысы, психологиялық қызмет және басқа да бағыттарды қамтыған 16 панельдік сессияда жалғасты. AI форумның кешкі күнінде елорданың барлық білім беру ұйымында бірінғай әдістемелік кеңес өтті. Педагогтар телекөпір форматында форумда ұсынылған тәжірибелер мен ұсынымдарды талқылап, жаңа оқу жыл-ындағы басым міндеттерді ортаға салды. Екі күндік форум қорытындысы бойынша оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру, жасанды интеллектті тиімді пайдалану, педагогтардың кәсіби дамуы және білім сапасын арттыру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу жоспарланып отыр.

Жиында инклюзив білім беруі дамыту мәселесі де талқыланды. Қазір елордада орта білім беру деңгейінде 5 мыңнан астам бала инклюзив оқытудың қамтылған. Мектептерде инклюзияны қолдауға арналған 98 кабинет жұмыс істейді. Биыл тағы 20 кабинет ашу жоспарда екен. Қасымхан Сенғазыевтің айтуынша, саладағы сандық көрсеткіштер баланың білім алуадағы ілгерілеуі, дербестігі, әлеуметтенуі және мектеп өміріне белсенді қатысуына байланысты болмақ.

БІЛІМДІ БІЛІМДІ БАҒАЛАУ ӨЗГЕРЕДІ

Жаңа оқу жылында ұстаздар қауымын өзгерістер де күтіп тұр. Енді бағалау жүйесіне де өзгерістер енгізі-леді, яғни тоқсандық жиынтық бағалау жүргізілмейтін болады. Оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарованың айтуынша, формативтік бағалау оқушының білімділігі оқу барысындағы жетістігін көрсетсе, аралық бағалау белгілі бір бөлім аяқталғаннан кейін менгерілген білім мен дағдыларды қорытындылауға бағытталады. Нәтижесінде тоқсан ішіндегі бағалау жұмыстарының саны бір жұмысқа қысқарды. Бұл білім алушының бағалау жүктемесін онтайландырады және педагогтің ТЖБ тапсырмаларын бөлек әзірлеу, өткізу және тексеруге жұмсалатын уақытын қысқартады.

— Аралық бағалаудың енгізілуімен бағалау жұмыстарының құрылымы да өзгереді. Жанартылған тәртіп бойынша тоқсан соңында бөлек ТЖБ өткізілмейді. Оқу бөлімдерін менгеру нәтижесі аралық бағалау арқылы анықталады және тоқсан соңында бұрынғы бағаланған бөлімдерді қамтитын жеке жиынтық жұмысы жүргізілмейді, — дейді вице-министр.

Аралық бағалаудың тағы бір ерекшелігі — оның форматы және мазмұны. Енді диктант, бақылау, шығарма, мазмұндама секілді жазба жұмыстары аралық бағалаудың негізгі нысандарының бірі болады. Оларды орындауға толық сабақ уақыты 45 минут беріледі. Жаңа өзгеріс жайында физика мұғалімі Абай Қулан да пікір білдірген еді.

— ТЖБ-ның белгілі бір кезең соңындағы нәтижені жинақтап көрсетуде артықшылығы бар, бірақ тоқсан соңындағы бір бақылау оқушының бүкіл оқу кезеңіндегі жетістігін толық көрсете алмауы мүмкін. Оқушының сол күндік психологиялық жағдайы, дайындық деңгейі немесе тапсырманың ерекшелігі нәтижеге әсер етеді. Сондықтан аралық бақылауды жүйелі түрде күшейту — педагогикалық тұрғыдан негізді бағыт деп есептеймін. Егер мұғалім оқушының оқуындағы қиындықты тоқсан соңында емес, оқу барысында анықтаса, оны дер кезінде түзетуге мүмкіндік бар, — дейді ұстаз.

Ұстаздың пайымдауынша, мақсат оқушыны «бағамен өлшеу» емес, оның қай жерде қиналып тұрғанын анықтап, әрі қарай дамуына қолдау болуы керек. Егер осы қағида сақталса, ТЖБ-ға түсетін салмақты азайтып, аралық және қалыптастырушы бағалауды күшейту білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

А.ЖӘНІБЕКҚЫЗЫ

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН

20 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Күйші деген кім? Домбыраны шебер тарта-тын адам ба? Қағысты мүдірмей алып, сау-сақты перне үстінде еркін жүгірте алатын музыкант па? Әлде өзі де күй шығарып, ата-баба дәстүрін сақтап келген өнерпаз ба? Мұның бәрі күйшіге қажет қасиет болғанымен, біздіңше ешқайсысы жеке-дара күйшіліктің мәнін толық ашпайды. Техникасы мықты домбырашының бәрі күйші болып кетпейтіні сияқты, байырғы нұсқаны бұлжытпай, нотасын сол қалпы қайталау да үлкен күйшіліктің жалғыз өлшемі емес. Күйшілік – музыканың ар жағындағы дүниені сезіну, күйдің мінезін тану және сол мінезді өз табиғатыңнан өткізіп, қайта сөйлете білу. Күйдің тілінде сөйлете алу. Шәміл Әбілтайдың өнеріне осы тұрғыдан қараған жөн.



Мігер.

Шәміл Әбілтайдың күйшілігі ХАҚЫНДА

тылсым дегеннің бірі, бәлкім, осы шығар.

Кез келген сахналық өнерде Орындаушы мен аудитория арасында жасырын келісім болады. Орындаушы береді, тыңдаушы алады. Орындаушың әлсіз болса, тыңдаушың да риза болмайды. Әрине, сапалы да тыңдаушыны табу – қиынның қиыны бұл заманда. Алайда біздің айтпағымыз – күй түсінетін нағыз тыңдаушы. Күйдің атын да, затын да, сол күйді бұрын тартқан өнерпаздарды да білетін, жан-жақты талдау жасай алатын тыңдаушы. Міне, осындай тыңдаушы жолықса, көп домбырашылар соның ығына

нәрсе керісінше оның мінезін бұзып жіберуі ықтимал. Сондықтан күйшілік өнердегі кемелдіктің бір өлшемі ретінде қай жерде өзгертуге болатынын білуінде деп айтуға болады деп есептейміз.

Шәміл Әбілтайдың күйшілік мектебін Қали Жантілеуовтен бөліп

Қали айтқан ойды Шәміл басқа тыныспен жалғайды. Мұны дәстүрден ауытқу деп емес, дәстүрдің тірі екенінің белгісі деп қабылдаған жөн. Сөзсіз, осының бәрін тану үшін адамның жүрек көзі мен құлағы күйшілік өнердің тілін қабылдауға белгілі дәрежеде дайын болуы керек. Сонда ұқсастықты да, айырмашылықты да сезінуге болады.

Аустралиялық этномызикатанушы Маргарет Картоми орындаушылық өнер жайлы Musicology Australia журналында жарияланған бір мақаласында орындаушыны тек музыка жасайтын, дыбыс шығаратын адам ретінде қарастыру жеткіліксіз екенін көрсетеді. Нағыз орындаушының назарында дыбыс та, орындау техникасы да, дене қимылы да, импровизация да, стиль де, тыңдаушы арасындағы қатынас та бар. Яғни performance – бірнеше қабаттан құралған біртұтас құбылыс.

әртүрлі тәсілмен жеткізетінін айтады. Мұнда дыбысты қай жерде күшейту, қай тұста бәсеңдету, екпінді өзгерту, аздап еркіндікке бару сияқты ұсақ шешімдердің өзі маңызды. Бұл ой күй өнеріне де өте жақын. Күйдің жалпы сарыны мен құрылымы сақталғанымен, әр орындаушы оны әрқалай сөйлетеді. Бір дыбысқа салмақ береді, бір жерде асығады, бір тұста кідіріп қалады, бір иірімді өткір, екіншісін жұмсақ шығарады. Осындай айырмашылықтардан орындаушының өз қолтаңбасы көрінеді. Патрик Юслиннің жазуынша, музыкадағы мағына осындай микроскопиялық шешімдердің арасынан пайда болады.

Осы айтылғандарды Шәмілдің орындауына қатысты қарасақ, оның еркіндігі де осындай ұсақ, бірақ маңызды шешімдерден көрінеді. Ол «Ақбайды» Қалекендей дәлме-дәл қайталамайды дедік. Бірақ мұндағы мақсат Қалидан өзгеше көріну емес. Шәміл күйдің негізгі сарыны мен табиғатын сақтай отырып, оны өз түсінігімен сөйлетеді. Бір жерін өзге екпінмен алып, бір тұсына басқа салмақ береді, қажет кезінде еркіндік танытады. Яғни шектен аспайтын еркіндік. Шәмілдің күй тартуы осы қасиетімен бағалы.

Шәміл Әбілтай – дәстүрлі мұраны жеткізуші ғана емес, күй шығаратын автор. Домбырашылар ішінде аса танымал көптеген күйі бар. Атап айтқанда, «Қазағым», «Жігер», «Бекет ата», «Ай жарық», «Матай», «Өтеміс-Жаныс», «Өрікгүл», «Ұлытау», «Тұран» сынды күйлері қазіргі заман композиторлары күйлерінің алтын қорына енген. Біздіңше, бұл жерде әр күйдің бағдарламасын тарқатып, шығу тарихын тізудің қажеті жоқ. Өзгелер жеткізер жеріне жеткізіп айтқан, жазған. Айтпағымыз басқа, авторлық күйлердің халық күйлерімен байланысы жайында.

Жалпы, домбырашы байырғы күйді тартқанда сол бұрынғы күйшінің қалыптастырып кеткен музыкалық әлемінің ішіне кіреді. Жаңа күй шығарғанда сол әлемнің заңдылықтарын пайдаланып, жаңа ой ұсынады. Шәміл де осы тәжірибеден ауытқымайды. Қай күйін алып қарасақ та, кеше мен ертеңгінің арасын, яғни бүгінгі күннің сарынын қалыптастырған. Бұл жерде ерекше тоқталып кететін жайт бар. Жаңа ой деп жаздық, бірақ бұл ой жана музыка дегенді білдірмейді. Дәстүрлі өнердегі жаналық үнемі бұрын болмаған материал жасаудан тұрмайды. Кейде ғасырлар бойы қалыптасқан музыкалық тілді өзінің ішкі тәжірибесі арқылы жаңаша сөйлету әлдеқайда қиын. Мысалға, Шәміл Әбілтайдың «Жігер» күйі сондай.

Қазақ күй тарихында «Жігер» атауы көп кездесе бермейді. Бірақ кездескен жерде бұл сөздің салмағы жеңіл емес. Затаевич Дәулеткерейдің «Жігері» жайлы, ол энергия, таусылмайтын күш дегендей сипат береді. Ал бізше, ол – төзу. Шыдау. Іштен сынбау. Қайта тұру. Өзіне тиесілі жолдан бас тартпау. Кейде сыртқа лапылдап шығатын қуаттан гөрі адамның ішінде ұзақ сақталатын беріктік. Сондықтан күйге «Жігер» деп ат қоюдың өзінде белгілі бір биік өлшем бар сияқты. Шәміл Әбілтайдың «Жігерін» де оқиға іздеп тыңдаудың қажеті жоқ. Оның нақты қай күні, қандай жағдайда туғанын білу шығарманың табиғатын міндетті түрде тереңдете бермейді. Өйткені бұл жерде күйдің өмірбаяндық себебінен гөрі күйдің өзі маңызды. Және бірнеше маңыздының басын біріктіре алды. Өз мектебін білу, бірақ сол мектептің көленкесінде қалып қоймау – ол жігер; ұстазды құр қайталамай, оның өзінше жалғастыру – ол да жігер; аудиторияның көңілін аулаудың онай жолына түспей, тыңдаушыны өзінің музыкалық әлеміне ерте алу да жігер; жарты ғасырдан артық уақыт бойы күйге бір кәсіптің емес, өмірлік істің өлшемімен қарауды жігер емес деп кім айта алады? Және ең басты жігер деп өзінің дыбысын жоғалтпау деп білеміз. Сондықтан дыбыс деп басталып, дыбыс деп аяқталған мақаламыздың атын «Жігер» деп бір күйдің атауы ретінде ғана қабылдау аздық етеді. Ол Шәміл Әбілтайдың күйшілік философиясын түсіндіретін образға айналады.

Рүстем НҮРКЕНОВ,
күйтанушы

Шәміл Әбілтайдың күйін алғаш тыңдағанда, таңғалатын бір нәрсе бар. Ол жылдамдық та, қағыс та, әсерлі қимыл, яғни виртуоздық та емес. Ең алдымен, құлаққа түсетіні – дыбыс. Шәмілдің домбырасынан шыққан үннің өзіне тән бояуы бар. Соған таңғаласын. Әлем музыка тарихындағы ірі орындаушылардың бір ерекшелігі де осында болса керек. Сондықтан мақаланы дыбыстан бастасaq. Шәмілдің дыбысынан.

Домбыра туралы сөз болғанда, орындаушылық шеберлікті көбіне оң қолмен байланыстырылып жатады. Қағыс түрлері, қолдың серпіні, білектің еркіндігі... Бәрі рас. Бәрі маңызды. Бірақ күйдің дыбысы тек оң қолмен жасалмайды. Сол қол да бар. Шәміл Әбілтайды тыңдағанда, сол қолдың қызметіне еріксіз назар аударасын. Кейде оның сол қолы пернені басу үшін емес, дыбыс жасау үшін арнайы жаратылғандай әсер қалдырады. Мысалы, бір нотаны он адам бір пернеден басуы мүмкін, бірақ он адамның домбырасынан он түрлі үн шығады. Сол онның ішінде Шәмілге жететіні жок.

Бірден түсіндіре кетейік, домбырашы үшін сол қолдың міндеті бір дыбыстан екіншісіне көшу ғана емес. Әрине, әу баста музыкалық мектепте солай үйретеді. Бірақ өте келе, кемел аспапшы атанған кезде екі қолдың міндеті бір болады. Шәмілде солай. Тіпті оның он және сол қолдың қызметін бөліп қарай алмаймыз. Осы қасиетті сөзбен түсіндірудің өзі қиын. Кейбір орындаушылық құбылыстарды терминге айналдырып үлгерген сәтте оның негізгі әсері жоғалып кететіндей қалады. Шәмілдің дыбысын да тек қағыс формуласы (тәсілдер) арқылы түгел түсіндіру мүмкін емес. Оны тыңдап сезіну керек. Бір мысал айтайын.

Шәмілдің күйін тыңдағанда, өз басымә мешіттен естілген азан ойға оралады. Бұл жерде азаннның сөз-әуені мен күйдің сарынын салыстырып отырған жоқпыз. Музыкалық ұқсастық та іздеудің қажеті жоқ. Ұқсастық – адамның ішкі халінде. Кейде алыстан естілген азанға арнайы құлақ түріп отырмасан да, дауыс назарыңды өзіне бұрады. Бір сәтке айналадағы тіршілік кейін шегінеді. Сен сол үнді талдап отырмайсың, бірақ оның соңынан іштей еріп кетесің. Шәмілдің күй тартуында да осындай қасиет бар. Бір кезде бәрін ұмытасың. Қағыс та, саусақ та, техника да өлшеп отырғаныңды ұмытып кетесің. Дыбыс өз шекарасын құрып, тыңдаушыны соның ішіне алып кіреді. Күйшіліктегі

жығылып кетеді. Оны өзі де түсінбеуі мүмкін. Бірақ мысы басып тұрады. Кейде тыңдаушы сөз де айтпайды, бірақ орындаушы көзінен-ақ түсініп қояды. Сондықтан ығына жығылады. Әдейі емес, мүмкін іштей сезіну, түсініп қою шығар. Ал Шәміл ондай емес. Ол аудиторияның ығына жығылып, күйді соған қарай бейімдеуге ұмтылмайды. Керісінше, аудитория оның ығына жығылады. Әлбетте, күйді тарта бастағанда, тыңдарманға «мына жерге назар аудар», «мына тұста таңғал» деп ишара жасап отырмайды ғой. Музыканың шарықтау шегін, яғни кульминациясын өзі айқындайды да, керек кезінде құлпыттып жібереді. Қайта саябырсып, тағы құлпыттады. Күйді өзі «дұрыс» деп таныған арнамен жүргізеді. Тыңдаушы біртіндеп сол тынысқа, сол дыбыстық тәртіпке кіреді. Бұны қалай жасайды дейсіз бе? Бұл – тәуелсіздік. Орындаушылықтағы белгілі бір ішкі тәуелсіздік.

Шәмілдің еркіндігі де осы тәуелсіздіктен туындайды. Күйші күйді қатып қалған мәтін ретінде қабылдамайды. Керек кезінде қосады, керек кезінде тізгінді босатып, еркін жүреді. Бірақ бұл еркіндікті «ойына келгенін жасау» деп түсіну қате. Дәстүрлі музыкада, әсіресе күйшілік өнерде еркіндік пен жауапсыздықтың арасы өте жақын. Титтей нәрсе шығарманың табиғатын күшейтуі мүмкін, басқа күйде сол



Кейде оның сол қолы пернені басу үшін емес, дыбыс жасау үшін арнайы жаратылғандай әсер қалдырады. Мысалы, бір нотаны он адам бір пернеден басуы мүмкін, бірақ он адамның домбырасынан он түрлі үн шығады. Сол онның ішінде Шәмілге жететіні жоқ.

қарау мүмкін емес. Бұл жайлы біз жазбасак та, бәрі біледі. Айтпағымыз басқа. Бізде көбіне «пәленшенің шәкірті» деген анықтама кейде орындаушының тұлғасын түсіндірудің орнына оны жеңілдетіп жібереді. Жалпы, ұстаздың жолын жалғастыру деген не? Оның тартқан күйін дәл солай қайталап, сол қағыспен, сол екпінмен тартып шығу ма? Егер дәстүрдің мәні осында ғана болса, ең мінсіз шәкірт дыбыс жазатын құрылғысы болар еді ғой. Ал өнер бұлай өмір сүрмейді.

Қали Жантілеуов пен Шәміл Әбілтайды қатар тыңдап көріңіз. Нақтыласам, Құрманғазының «Ақбайын» тыңдаңыз. Шәміл «Ақбайда» Қалекеннің нұсқасын тура қайталамайды, көшірмесі емес. Әрине, сол мектеп, сол сарын, сол табиғат, тіпті сол нота. Бірақ негізгі сөз сақталғанымен, сөйлеуші өзгереді.

аталған қасиеттерді Шәмілден бөлек-бөлек ретінде қарастыруға болмайды. Дыбысы қолдарымен байланысты. Ол өз кезегінде жоғарыда мысал ретінде айтқан шарықтау шегінің уақытын анықтайды. Уақыт еркіндікке жол ашады. Осы тұтастықтан орындаушылық тұлға пайда болады.

Маргарет Картоми ұсынатын музыкантты жеке техникалық амалдарына қарай түсіндіру өте қарабайырға айналып кетеді.

Осы заманның әлем ғалымдарына тағы да үнілейік. Орындаушылық өнердегі экспрессия мәселесін ұзақ зерттеген швед психологы Патрик Юслин (Patrik N. Juslin) Psychology of Music журналындағы бір мақаласында орындаушы шығарманы жай ғана ойнап шықпай, оның мінезі мен ішкі қозғалысын тыңдаушыға

ҚАЛАДАН АУЫЛҒА: ЖАҢА КӨШТІҢ ҚАРҚЫНЫ

Ауылдың әлеуетін арттырып, елді мекендердегі демографиялық ахуалды жақсарту мақсатында Абай облысында қолға алынған «Қаладан – ауылға» жобасы өз нәтижесін бере бастады. Өңір басшысы Берік Уәлидің бастамасымен бұдан алты ай бұрын басталған жобаға қызығушылық танытушылар қатары күн санап артып келеді. Бұған ауыл шаруашылығымен айналысуға ниетті азаматтардың белсенділігі мен қаладағы тұрмыс шығынының өсуі де әсер етіп отыр.



Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

Алты айдың ішінде облыс аумағындағы ауылдарға жалпы саны 1 241 адамнан тұратын 395 отбасы қоныс аударған. Оның 508-і Семей қаласынан болса, 733 адам еліміздің өзге өңірлерінен келген. Бұл көрсеткіш жобаның тек жергілікті тұрғындар арасында ғана емес, басқа аймақтардағы азаматтар тарапынан да қолдау тауып отырғанын көрсетеді.

Жобаның қарқыны соңғы аптада тіпті үдей түскен. Бір аптаның ішінде облыс ауылдарына 42 отбасы қоныстанды. Бұл — жоба басталғалы бері бір аптадағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Бұған дейін ауылдарға аптасына орта есеппен 10-15 отбасы көшіп келіп отырған.

Бұрын ауыл тұрғындары жұмыспен тұрмыс жағдайын жақсарту үшін қалаға қарай ағылса, қазір бұл үрдістің кері бағыт ала бастағанын аңғаруға болады. Бұған ауыл шаруашылығына деген қызығушылықтың артуы, жергілікті жерде кәсіп бастауға мүмкіндік мол болуы және азық-түлік бағасының өсуі себеп.

Әсіресе ет өнімдерінің қымбаттауы азаматтардың мал шаруашы-



лығына бет бұруына түрткі болып отыр. Қалада мал ұстап, шаруашылық жүргізу мүмкіндігі шектеулі болса, ауылдық жерде бұл бағытты кәсіпке айналдыруға мүмкіндік бар. Сондықтан кейбір отбасылар ауылға көшуді баспана мәселесін шешудің ғана емес, табыс көзін қалыптастырудың да тиімді жолы ретінде қарастыра бастаған.

Осы тұрғыдан алғанда, «Қаладан — ауылға» жобасы ауылды тек қоныстанатын мекен емес, жаңа мүмкіндік пен кәсіп бастауға қолайлы орта ретінде танытуға ықпал етіп отыр.

Өңір әкімдігінің мәліметінше, жыл соңына дейін Абай облысына 500 отбасын көшіру міндеті қойылған. Қазір бұл жоспардың 79 пайызы орындалды. Әр ауданға 50 отбасынан қабылдау межесі белгіленген. Бұл көрсеткіш қала және аудан әкімдерінің қызметін рей-

тингтік бағалау жүйесіне де енгізілген.

Мұндай талап жобаның жүйелі түрде жүзеге асуына серпін беріп отыр. Яғни елді мекендерге жаңа тұрғындарды қабылдау, оларды орналастыру, еңбекке тарту және ауылдың әлеуметтік-экономикалық өміріне бейімдеу мәселелері жергілікті атқарушы органдардың басты міндеттерінің біріне айналды.

Жаңа қоныстанушылардың ауылға орнығуы елді мекендердегі еңбек ресурсын көбейтіп қана қоймай, әлеуметтік нысандардың жұмысын тұрақтандыруға да оң ықпал етуі мүмкін. Әсіресе тұрғын саны азайып, еңбекке қабілетті азаматтар сыртқа көшкен ауылдар үшін бұл — демографиялық тұрғыдан маңызды қадам.

«Қаладан — ауылға» жобасының бастауы биылғы 20 ақпанда Семей қаласында өткен облыс әкімінің бастамасымен ұйымдастырылған өңірлік форумда жарияланған еді. Сол жиында жаңа жобаның негізгі бағыттары таныстырылды.

Басты мақсат — қала тұрғындарының ауылға қоныс аударуына жағдай жасап, елді мекендердің экономикалық әлеуетін күшейту. Жоба аясында ауылға көшкісі келетін азаматтарға ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету, оларды жұмысқа және кәсіпке тарту мәселелеріне басымдық беріліп отыр.

Жалпы, ауылға жаңа тұрғындардың келуі тек статистикалық көрсеткіш емес. Бұл — елді мекендердің тынысын жанартуға мүмкіндік беретін маңызды үдеріс. Ауылға жас отбасылардың қоныстануы мектеп, балабақша, мәдениет және спорт нысандарына сұранысты арттырып, шағын бизнестің дамуына жол ашуы ықтимал. Бір кездері ауылдан қалаға қарай бағытталған көші-қон енді кері бағытқа бет алып келеді. Абай облысындағы «Қаладан — ауылға» жобасы осы үрдістің нақты мысалына айналып отыр. Ал алты айдың ішінде 395 отбасының ауылды таңдауы — ауыл өміріне деген көзқарастың өзгеріп келе жатқанын аңғартатын маңызды көрсеткіш.

Ең бастысы, ауылға келген әр отбасы жаңа ортаға бейімделіп қана қоймай, сол елді мекеннің дамуына үлес қосатын белсенді тұрғынға айналуға тиіс. Сонда қала мен ауыл арасындағы көші-қон ғана емес, ауылдың экономикалық тынысы да жаңара түспек.

Бүгінде облыс бойынша 10 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасы егін жинау жұмыстарына жұмылдырылған. Қазірге дейін масақты дәнді дақылдардың 257,3 мың гектары орылып, 483,2 мың тонна өнім жиналған. Биылғы орташа өнімділік гектарына 18,8 центнерді құрап, өткен жылғы көрсеткіштен екі еседен астам жоғары болып отыр.

Сонымен қатар картоп, көкөніс және бақша өнімдерін жинау жұмыстары да жоспарға сай жүргізілуде. Бүгінге дейін 53,8 мың тонна картоп, 195,2 мың тонна көкөніс және 151,6 мың тонна бақша өнімдері жиналған.

Алдағы қысқы мал қыстату кезеңіне дайындық мәселесі де кезек кезеңімен жүргізілуде. Биыл облыста 4,1 миллион басқа жуық мал қыстайды деп күтілуде. Осыған байланысты барлық санаттағы шаруашылықтарға қажетті жем-шөп көлемі алдын ала нақтыланып, жалпы 3,3 миллион тонна мал азығын дайындау жоспарланған.

Қазір жоспарланған көлемнің басым бөлігі дайындалған. Атап айтқанда, 1,9 миллион тонна пішен, 344,5 мың тонна сабан, 121,9 мың тонна пішендеме және 203,8 мың тонна қоспа жем әзірленген. Мал азығын дайындау жұмыстары қараша айының соңына дейін жалғасады.

Облыс әкімі Ербол Қарашөкеев аудан әкімдері мен жауапты басқармаларға қысқы мал азығын жеткілікті көлемде дайындау жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстауды тапсыруда. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы басқармасына аудан әкімдіктерімен тығыз байланыста жұмыс істеп, әр аудан бойынша жем-шөп қорын толық қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды күшейтуді қатаң ескертіп отыр.

Әрине, бұл — орынды талап. Себебі биылғы жаздағы аптап ыстық қыста аяз болып оралуы мүмкін. Бұны бүгінде болжаушылар да айтып отыр. Сондықтан қыс шанаңды жаз сайлап, қазірден қамданған абзал. Әйтпесе, ертең қыстың аязында төрт түлігімізге азық таппай, бармақ тістеп жүрмейік.

«ТАЗА ҚАЛА» КОНКУРСЫ БАСТАЛДЫ

Шымкентте тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттырып, қаланы абаттандыруға деген жауапкершілігін күшейтуге бағытталған «Таза қала» қалалық экологиялық акция-конкурсы басталды. Жоба Шымкент қаласының Ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша «Шымкент қаласының Азаматтық альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі тарапынан жүзеге асырылуда.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

2026 жылдың маусым-желтоқсан айлары аралығында өтетін акция қаланың барлық бес ауданын қамтиды. Байқау екі кезеңнен — аудандық және қалалық кезеңнен тұрады. Аудандық кезеңде «Үздік аула», «Үздік көше» және «Үздік көпқабатты тұрғын үй» номинациялары бойынша жеңімпаздар анықталады. Әр аудандағы әр номинация жеңімпазына 300 мың теңгеден ақшалай сыйақы беріледі.

Аудандық кезеңнің үздіктері қалалық кезеңде «Үздік аула сыпырушысы», «Үздік аула», «Үздік көше» және «Үздік көпқабатты тұрғын үй» номинациялары бойынша бақ сынайды. Қалалық кезең жеңімпаздарына I орынға — 500 мың, II орынға — 250 мың, III орынға 125 мың теңге көлемінде сыйақы қарастырылған.

ҚУАҢШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ АМАЛ БАР МА?

Атырауда жердің тозуы ауыл шаруашылығының нақты проблемасына айналып келеді. Жайылымның жұтандануы, су тапшылығы, өсімдіктің сиреуі мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың жұмысын қиындатып отыр. Енді өңір бұл мәселені шешуде Қытай тәжірибесіне сүйенбек. Бірақ мыңдаған гектар жерді қалпына келтіру үшін көшет отырғызуға қауқар жеткілікті ме?



Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Мәселенің салдары бірінші кезекте ауылдағы шаруаның қалтасына тиеді. Жайылымның өнімділігі төмендеген сайын малды басқа аумақтарға айдауға, су мен жем-шөпке қосымша шығын шығаруға тура келеді. Ал жайылымы мен су көзіне тәуелді шаруашылық үшін бұл — жай ғана экологиялық мәселе емес, тікелей экономикалық қатер.

Жақында Атырау облысының әкімі Болат Ақшолоақов Қытайдың Нинся-Хуэй автономиялық ауданынан келген делегациямен кездесті. Кездесудің негізгі тақырыбы — шөлейттенуге қарсы күрес және тозған жерлерді қалпына келтіру бойынша бірлескен жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі.

Қытай тарапы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті базасында іске асырылған демонстрациялық жобаны таныстырды. Онда көшет өсіру, өсімдік түрлерін сынақтан өткізу және жергілікті жағдайға бейімдеу, құрғақ аумақтарды көгалдандыру технологиялары қарастырылған. Атырау облысында жобаны алғашқы пилоттық алаңы ретінде Исатай ауданындағы Нарын құмдары аймағынан 30 гектар жер ұсынылды. Ал егер тәжірибе нәтижелі болса, Мақат ауданында жобаны 14,5 мың гектарға дейінгі аумақта кеңейту мүмкіндігі қарастырылмақ. Бұл жерде бір нәрсені ажыратып алған жөн. 30 гектар — технологияны сынауға болатын пилоттық аумақ. Ал 14,5 мың гектар — мүлде басқа ауқым. Десе де, мыңдаған гектар жерді қалпына келтіру үшін көшет отырғызудың өзі жеткіліксіз. Оның ар жағында су, техника, маман, күтім, мониторинг және тұрақты қаржыландыру мәселесі тұр.

Жақсылық Ізмағанбетов — 22 жылдан бері жатакәсіп ауыл шаруашылығымен айналысып келе жатқан шаруа. Өзі ғана емес, бала-шағасы, немерелері де қазір шаруашылыққа жұмылып отыр.

— Бүгінде қожалықта 129 бас ірі-қара, 235 бас қой-ешкі, 91 бас жылқы және 63 бас түйе бар. Бір қарағанда, жай цифр сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ осы цифрлардың артында біздің күнделікті тірлігіміз, маңдай теріміз жатыр. Мал бағу оңай шаруа емес екенін оны баққан адам ғана түсінеді. Шыны керек, біздің өңірімізде жайылым мәсе-

лесі өткір тұр. Малымыз кейде шөп іздеп, қалаға кіріп кетеді. Менің шаруашылығым Атырау қаласындағы «Нурсая» шағынауданына жақын орналасқан. Шөп іздеген мал көпқабатты үйлердің аулаларындағы жасыл-желекті жеп кетіп жатады. Мұның арты айыппұл, тұрғындармен арадағы дауға ұласып жатады, — дейді шаруа.

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Бактыбек Таубаевтың пікірінше, жайылымды қалпына келтіру мен оны дұрыс пайдалану қатар жүруге тиіс.

— Бір аумақты ұзақ уақыт бойы шамадан тыс пайдалану өсімдік жамылғысының табиғи жанауына мүмкіндік бермейді. Сондықтан жерді қалпына келтіру жобасы іске қосылған жағдайда, оның екінші бөлігі — жайылымды басқару жүйесі болуы керек. Яғни мәселе тек «қай жерге қандай өсімдік егеміз?» деген сұрақпен шектелмеуге тиіс. «Одан кейін бұл аумақ қалай пайдаланылады?» деген сұрақ та алдын ала шешілуі қажет, — дейді ғалым.

Облыс әкімі Болат Ақшолоақов өңірде заманауи көшет өсіретін тәлімбак ашу мүмкіндігін зерделеуді ұсынды. Бұл ұсыныстың өзінде бірнеше мәселе жатыр. Біріншіден, Атырау сырттан көшет тасымалдайтын өңір болып қалмауы керек. Екіншіден, жергілікті климатқа бейімделген өсімдіктерді өз аумағында көбейту қажет. Үшіншіден, мұндай нысан ауыл шаруашылығымен қатар, абаттандыру, сәндік өсімдіктер мен гүл өсіру бағыттары да қамтуы мүмкін. Осылайша, экологиялық жоба жаңа экономикалық бағытқа айналады. Тәлімбакта өсімдік өсіретін мамандар, технологтар, инженерлер жұмыс істейді. Бұл жаңа жұмыс орындарын ғана емес, жергілікті кадрларды даярлау қажеттігі де алға шығарады. Облыс әкімі де осы мәселеге арнайы тоқталып, болашақта Атырау тұрғындарының арасынан тәлімбакта жұмыс істейтін технологтар, инженерлер мен басқа да мамандарды даярлау қажеттігін айтты.

Атырауда шөлейттенумен күресте жиі назардан тыс қалуы мүмкін тағы бір мәселе бар. Қалпына келген жерді қалай сақтаймыз? Егер бір аумақ бірнеше жыл бойы қалпына келтіріліп, кейін оған түсетін шаруашылықтық жүктеме қайта артса, процесс қайта басталуы ықтимал. Сондықтан сарапшылар «жерді қалпына келтіру жобасы жайылымды басқару ережелерімен бірге жүруі керек» деген пікір айтады.

БАЛА КҮТУШІ: БӨЛЕК ҮРДІС БЕЛЕҢ АЛДЫ

Бала күтуші таңдауда әр отбасының талабы әртүрлі. Бірі тәжірибеге мән берсе, енді бірі баламен тіл табыса білуіне, жауапкершілігіне немесе қосымша дағдыларына назар аударады. Кейінгі жылдары Қазақстандағы осы қызмет нарығында тағы бір үрдіс байқала бастады. Кейбір отбасылар Филиппиннен келген бала күтушілерінің қызметіне жүгініп жүр. Шетелден үй қызметкерлерін іріктейтін агенттіктер де мұндай мамандарды ұсынуды белсенді қолға алған.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ФИЛИППИНДІКТЕРГЕ НЕГЕ СҰРАНЫС АРТТЫ?

Қазақстанда бала күтуші іздейтін ата-аналардың талғамы өзгеріп келеді. Бұрын басты талап баланы уақытында тамактандырып, қауіпсіздігін қадағалау болса, қазір оған ағылшын тілін білу, баламен тіл табысу, оның дамуына көңіл бөлу, кей жағдайда көлік жүргізу сияқты қосымша талаптар қосылған. Осы сұраныстың аясында қазақстандық

Рахимованың айтуынша, ұсынылған маман бірден тұрақты жұмысқа қабылданбайды. Алдымен үш күндік сынақ мерзімінен өтеді. Осы аралықта отбасы мен күтушінің бір-біріне ыңғайлылығы сәйкес келетіні, қызметкердің баламен қарым-қатынасы және күнделікті міндеттерді қалай орындайтыны бағаланады. Егер маман отбасының талабына сай келмесе, агенттік басқа үміткер ұсынады. Сабина Рахимованың қазақстандық ата-аналардың филиппиндік күтушілерге қызығушылығын бірнеше себеппен түсіндіреді.

— Олар балаларға мейірімді әрі шыдамды келеді. Ағылшын тілін жақсы біледі. Бұл біздің жұмыс берушілер үшін маңызды. Сонымен қатар балалармен жұмыс істеп қана қоймай, үй шаруасына да көмектесе алады. Қазір көлік жүргізе алатын күтушілерге де сұраныс бар, — дейді ол.

Агенттіктер әлеуметтік желідегі паракшаларында Қазақстанда жұмыс істеуге ниетті үміткерлерді де таныстырып отырады. Солардың бірі, 38 жастағы Джесси Сан Гомес. Ол бұған дейін Сауд Арабиясында үй қызметшісі әрі бала күтушісі болып еңбек еткен.

— Қазақстанда тұрып, осында жұмыс істегім келеді. Үш жыл үй қызметшісі де, бала күтуші де болып жұмыс істедім. Енді тек бала күтімімен айналысқым келеді. Жана адамдармен, жана мәдениетпен танысқанды ұнатамын. Негізгі мақсатым — отбасыларға көмектесу және балаларға қамқорлық жасау, — деді ол.

Қазір күтушімен күнделікті сөйлесіп, тілді тезірек меңгеріп жүр. Мен үшін тағы бір мәселе — отбасының жеке кеңістігі. Яғни күтушінің қазақ және орыс тілдерін білмеуін белгілі бір тұрғыдан артықшылық деп есептеймін, — дейді Сандуғаш.

Дегенмен бұл пікірді барлық отбасы бірдей айта бермеуі мүмкін. Бір шанырақ үшін тіл білмеу жеке кеңістікті сақтаудың бір тәсілі болса, екінші отбасы үшін күнделікті қарым-қатынасты қиындататын кедергіге айналуы ықтимал. Демек, күтуші таңдауда әмбебап өлшем жоқ. Әр отбасының тұрмысы, баланың жасы, мінезі және ата-ананың талабы әртүрлі. Мәселен, бала күтушісін іздеу ерекше қажеттілігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар үшін тіпті күрделі. Айнұр Байғалиева үш жастағы баласына күтушіні ұзақ уақыт іздегенін айтады. Бір жылдан бері филиппиндік маманның көмегіне жүгініп жүр.

— Жұмысы тиянақты, баламмен жақсы тіл табысады. Мен үшін ең маңыздысы, балама мүсіркеп қарамайды, онымен тең сөйлеседі. Ерекше балалары бар ата-аналарға маман табу қиын. Сондықтан елімізде бала күтушілерді кәсіби даярлайтын орталықтар болса деген ұсынысым бар, — дейді ол.

Бұл пікірдің астарында бала күтімі нарығындағы әлдеқайда үлкен мәселе жатыр. Күтуші дегеніміз баланың тамағын беріп, киімін ауыстырып, қауіпсіздігін қадағалайтын адам ғана емес. Ол күннің бірнеше сағатын баламен бірге өткізеді. Демек, оның сөзі, мінезі, қарым-қатынасы, тіпті күнделікті әрекеті баланың қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан бүгін ата-ана «балаға қарайтын адам» емес, белгілі бір деңгейде педагогикалық мәдениеті, жауапкершілігі және қарым-қатынас дағдысы бар маман іздей бастады.

КҮТУШІ ЖАЛДАУДА ЗАҢДЫ НЕГІЗ МАҢЫЗДЫ

Филиппиндік мамандарға сұраныс артқан сайын мәселенің құқықтық жағы да маңызды бола түседі. Шетел азаматының Қазақстанға заңды түрде келуі оған ел аумағында автоматты түрде жұмыс істеу құқығын бермейді. Зангер-



адвокат Эльнура Кишкенебаеваның айтуынша, Филиппин азаматын жеке отбасы бала күтушісі ретінде жұмысқа қабылдаған кезде еңбек, көші-кон және салық заңнамасының талаптары сақталуға тиіс. Ең алдымен, шетелдік азаматтың Қазақстанда еңбек етуіне қандай құқықтық негіз бар екені анықталуы қажет.

— Қазіргі мемлекеттік түсіндірмелерде үй шаруашылығында жұмыс істеуге арналған арнайы еңбекші көшіп келуші тәртібі, атап айтқанда, Әзербайжан, Өзбекстан және Тәжікстан азаматтарына қатысты көрсетіледі. Сондықтан Филиппин азаматын дәл осы рәсіммен автоматты түрде заңдастыруға болады деу дұрыс емес. Агенттіктің еңбекші көшіп келушіге рұқсат алып береміз деген сөзі өздігінен жеткілікті құқықтық негіз болмайды. Әрбір Филиппин азаматы бойынша оның Қазақстанға қандай негізбен кіргені, мұнда қанша уақыт болуға құқығы бар екені және еңбек қызметін жүзеге асыруына қандай құжат мүмкіндік беретіні жеке тексерілуі тиіс, — дейді адвокат.

Зангер шетелдік азамат Қазақстанда заңды түрде жұмыс істеуге құқылы болған жағдайда, отбасы мен күтушінің арасындағы еңбек қатынасы жазбаша түрде рәсімделуге тиіс екенін айтады. Әсіресе күтуші жұмыс берушінің үйінде бірге тұратын жағдайда еңбек және тұрмыстық шарттарды алдын ала нақтылап алған жөн. Оның тұратын орны, тамактануы, жеке кеңістігі, жұмыс уақыты, түнгі кезекшілік тәртібі және демалыс уақыты келісімде

көрсетілуі қажет. Шетелдік қызметкер Қазақстанның еңбек заңнамасында көзделген негізгі құқықтарға ие. Ол келісілген жалақысын уақытында алуға, қауіпсіз еңбек жағдайына, демалыс режимінің сақталуына және құқықтары бұзылған жағдайда тиісті органдарға жүгінуге құқылы. Ал жұмыс беруші күтушіден баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, еңбек тәртібін сақтауды, отбасының мүлкіне ұқыпты қарауды және жеке ақпаратты жария етпеуді талап ете алады.

Күтушілерді ұсынатын агенттіктердің қызметін де шетел азаматының еңбек мәртебесімен шатастырмаған жөн. Агенттік маман іздеп, үміткерді іріктеп, жұмыс беруші мен қызметкерді табыстыра алады. Бірақ оның делдалдық қызметі шетел азаматына Қазақстанда автоматты түрде жұмыс істеу құқығын бермейді. Шетелдік күтушілер туралы айтқанда, олардың мейірімділігі, сабырлылығы, ағылшын тілін білуі жиі алға тартылады. Бірақ қазақстандық күтушілер арасында да көп жылдық тәжірибесі бар, балалар психологиясын жақсы білетін, кәсіби дайындығы жоғары мамандар жетерлік. Сондықтан бүгінде қалыптасқан трендті «шетелдік күтуші жергілікті маманнан жақсы» деген қарапайым бәсекеге тіреп қою мәселенің мәнін тарылтады. Яғни отбасылар алыстан маман іздеуге дайын болып отыр, демек қазір бұл тақырыпта балаға кімнің қарайтыны ғана емес, оның қалай қарайтыны маңызды болып тұр.



отбасылар арасында филиппиндік күтушілерге қызығушылық байқала бастады.

Қазір филиппиндік күтушілерді Қазақстанға әкелумен айналысатын арнайы filipinki.kz сайты да жұмыс істейді. Агенттік мәліметіне қарағанда, маман таңдағанда, үміткердің кәсіби тәжірибесімен қатар жеке қасиеттеріне де мән беріледі. Мұндай қызметтің бағасы да арзан емес. Сайттағы ақпарат бойынша филиппиндік күтушінің айлық еңбекақысы шамамен 800 доллардан басталады. Бұған ұшақ билеті, құжат рәсімдеу және агенттік қызметі үшін төленетін қосымша шығындар қосылады. Әлеуметтік желіге «филиппиндік бала күтуші» деп жазсаныз, осындай қызмет ұсынатын бірнеше белсенді парақша шығады. Солардың біріне хабарласып, агенттіктің жұмыс тәртібін сұрап көрдік. Агенттік негізін қалаушы Сабина

АТА-АНАНЫҢ ТАЛҒАМЫ ӨЗГЕРДІ

Астана тұрғыны Сандуғаш Көпжасар — төрт баланың анасы. Филиппиндік күтушіні таныстарының ұсынысымен таңдаған. Қызмет құны жергілікті күтушілермен салыстырғанда қымбатырақ болғанымен, алты айлық тәжірибеден кейін шешіміне көңілі толатынын айтады. Бұған дейін ол бірнеше күтушімен жұмыс істеп көрген. Бірінің балалармен сөйлесу мәнері ұнамаған, екіншісінің балаға жеткілікті уақыт бөлмейтінін байқаған. Сондықтан жаңа қызметкер іздеген кезде кәсіби тәжірибеден бұрын баламен қарым-қатынас жасай алу қабілетіне мән берген.

— Алты ай болды, әзірге бәрі ұнап жатыр. Балаларымды тамактандырады, мектептен уақытында алып келеді, олармен ойнайды. Әр баламен жеке тіл табыса алды. Екінші қызым бұрын ағылшын тілінен репетиторға баратын.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБAY –
Қызылорда облысы
Баияр ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейіткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(777) 804-81-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4778

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Өлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы еңделмейді және кері қайтарылмайды.

• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Айсұлу СЫЕЗХАН